

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
«М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ университеті» АҚ



KAZGUU
LAW SCHOOL

БЕКСЕИТОВА ӘСЕЛ САЯХАТҚЫЗЫ

«Жасанды интеллектпен» немесе оның көмегі арқылы жасалған
шығармашылық нәтижелерін құқықтық қорғау

**«Құқықтану» - 7M04211
білім беру бағдарламасы**

**Заң ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алуға
арналған диссертация**

Нұр-Сұлтан, 2021 жыл

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
«М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ университеті» АҚ

Бағдарлама жетекшісімен/координатормен
«Қорғауға жіберілді»

«__» _____ 2021 жыл

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

**Тақырыбы: «Жасанды интеллектпен» немесе оның көмегі арқылы
жасалған шығармашылық нәтижелерін құқықтық қорғау»**

**«Құқықтану» - 7M04211
білім беру бағдарламасы**

Орындаған: _____ Бекситова Әсел Саяхатқызы
КОЛЫ

Ғылыми жетекшісі: _____ з.ғ.д. Идрышева Сара Кимадиевна
КОЛЫ

Нұр-Сұлтан, 2021 жыл

«__» _____ 20__ ж.

Магистрлік диссертацияны дайындаудың күнтізбелік жоспары

Жобаны дайындау кезеңдерінің атауы	Жоба кезеңдерінің жүзеге асуы бойынша белгілеу				
	Мерзімі	Фактілі түрде орындалған мерзімі	Жоба кезеңі орындалуының дайындық дәрежесі	Магистрант -тың қолы	Ғылыми жетекшісі-нің қолы (ҒЫЛЫМИ жетекшілердің)
Әдебиеттер мен тәжірибелік материалдарға шолу жасау	1.10.2019 20.11.2019	1.10.2019 20.11.2019	100%		
Әдісмені дайындау	10.11.2020 20.11.2020	10.11.2020 20.11.2020	100%		
Деректерді жинау мен өңдеу	20.11.2020 30.11.2020	20.11.2020 30.11.2020	100%		
Алынған нәтижелерді талдау мен интерпретациялау	1.12.2020 1.01.2021	1.12.2020 1.01.2021	100%		
Жоба бойынша ұсыныстарды дайындау	1.01.2021 1.02.2021	1.01.2021 1.02.2021	100%		
Жобаның кіріспесін дайындау	1.03.2021 20.03.2021	1.03.2021 20.03.2021	100%		
Диссертацияны (жобаны) рәсімдеу: Жобаның I және II бөлімдерін дайындау	20.03.2021 31.03.2021	20.03.2021 31.03.2021	100%		

Жобаның II және III бөлімдерін дайындау	1.04.2021 20.04.2021	1.04.2021 20.04.2021	100%		
Ғылыми жетекшінің пікірін алу	25.04.2021	25.04.2021	100%		
Жобаны қорғауға баяндама мен презентацияны дайындау	20.04.2021 10.05.2021	20.04.2021 10.05.2021	100%		
Магистрлік диссертацияны (жоба) қорғау	25.05.2021	25.05.2021	100%		

Магистрлік диссертацияның ғылыми жетекшісі:

(Аты-жөні, лауазымы мен қолы)

Жоспарды орындауға қабылдадым:

(Магистранттың аты-жөні мен қолы)

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	6
I. ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ.....	14
1.1. Жасанды интеллекттің түсінігі мен негізгі белгілері.....	14
1.2. Жасанды интеллекттің дамуы барысындағы шығармашылық қызметтің түсінігі.....	20
Бірінші бөлім бойынша қорытынды.....	29
II. ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТПЕН НЕМЕСЕ ОНЫҢ КӨМЕГІ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІН ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМА АЯСЫНДА ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	30
2.1. Жасанды интеллектпен немесе оның көмегі арқылы жасалған шығармашылық қызмет нәтижелерін авторлық құқық саласында қорғау мәселелері.....	30
2.2. Жасанды интеллектпен немесе оның көмегі арқылы жасалған шығармашылық қызмет нәтижелерін патенттік құқық саласында қорғау мәселелері.....	44
Екінші бөлім бойынша қорытынды.....	49
III. ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТПЕН НЕМЕСЕ ОНЫҢ КӨМЕГІ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІНІҢ ДАМУ БОЛАШАҒЫ	51
3.1. Шет мемлекеттерінің жасанды интеллектті құқықтық реттеу саласындағы заңнамасының даму үрдісі.....	51
3.2. Жасанды интеллектпен немесе оның көмегі арқылы жасалған шығармашылық қызмет нәтижелерін құқықтық реттеу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар.....	57
Үшінші бөлім бойынша қорытынды.....	61
ҚОРЫТЫНДЫ.....	62
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	65
ҚОСЫМША 1.....	72
ҚОСЫМША 2.....	77

КІРІСПЕ

Тақырыптың өзектілігі. Қазіргі таңда дүние жүзінде роботты техника, компьютерлік-бағдарламалық технологиялар қарқынды түрде дамып жатыр. Олардың ішінде қоғамдық қатынастардың көптеген салаларында қолданылып жатқаны жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін техникалар, компьютерлік бағдарламалар және т.б. Бұл компьютерлік бағдарламалар, гаджеттерге арналған қосымшалар мен техникаларды П.М. Морхат өз еңбегінде қысқартып «юнит искусственного интеллекта» деп қолданады.¹ Біз де қазіргі уақытта қазақ тілінде жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін әртүрлі техникалар, бағдарламаларға және т.б. қолдануға болатын ортақ сөздің жоқ болуына байланысты осы жұмысымызда әрі қарай оларды «жасанды интеллект юнити» деп атаймыз.

Соңғы жылдары шет мемлекеттерінде жасанды интеллект юнитін әзірлеу, дамыту, қолдану бойынша алғашқы концептуалды-тұжырымдамалық құжаттар қабылданды. Олардың қатарында АҚШ, Жапония, Қытай, Германия және елімізге көршілес тұрған Ресей Федерациясы.

Қазақстан Республикасында жоғарыда көрсетілген мемлекеттердегідей жасанды интеллектті дамыту туралы арнайы нормативтік құқықтық акт қабылданбаған. Дегенмен, Қазақстан Республикасының «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың бағыттарының бірі өндіріс, қаржы және медициналық қызмет салаларына жасанды интеллектті енгізу болып табылады.² Сонымен қатар, Елбасымыз өзінің 2018 жылғы 5 қазандағы Жолдауында «Ең алдымен, «болашақтың экономикасының» баламалы энергетика, жаңа материалдар, биомедицина, үлкен деректер, заттар интернеті, жасанды интеллект, блокчейн және басқа да бағыттарын ілгерілетуді қамтамасыз ету қажеттігін және еліміздің жаһандық әлемдегі орны мен рөлі келешекте нақ осыларға байланысты» екендігін атап өтті.³ Бүгінгі күні мемлекеттермен жасанды интеллектті дамыту туралы құжаттар қабылданғанымен оның қызметін және қызметінің нәтижесінде туындайтын салдарлар құқықпен реттелмеген. Мысалы, 2016 жылы Нидерландыда

¹ Морхат П.М. Искусственный интеллект: правовой взгляд: Научная монография / РОО «Институт государственно-конфессиональных отношений и права». – М.: Буки Веди, 2017. – 257 с.- С.7.

² «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы//URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>. Ақпарат алынған күн: 20.11.2019.

³ Мемлекет басшысының 2018 жылғы 5 қазандағы "Қазақстандықтардың әлауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру" атты Қазақстан халқына Жолдауы // URL: <http://www.pvl.adilet.gov.kz/ru/node/220686>. Ақпарат алынған күн: 20.11.2019.

музейлер мен зерттеушілердің бір тобы XVII ғасырда өмір сүрген голландық суретші Рембрандт Харменс ван Рейннің мыңдаған жұмысын саралау арқылы компьютерлік бағдарламамен салынған «Келесі Рембрандт» атты портретті ұсынды.⁴ 2016 жылы жапондық компьютерлік бағдарламамен жазылған қысқаша роман ұлттық әдеби сыйлықтың екінші турына өтті.⁵ Әлемге танымал Google-ға тиесілі Deep Mind жасанды интеллект компаниясы аудиожазбаларды тыңдау арқылы жаңа ән жасай алатын бағдарламалық жасақтама шығарды. Сонымен қатар 2018 жылдың басты жаңалықтарының бірі болған жылдар бойы адамдар шифрды аша алмаған Войнич көне жазбасының алғашқы сөйлемінің шифры жасанды интеллект юнитімен ашылуы жасанды интеллекттің жаңа деңгейге шыққанын білдіреді.⁶ 2019 жылы Қытай Халықтық Республикасында жасанды интеллект юнитінің төрағалығымен сот отырысын жүргізу заңдастырылды.⁷ Қазақстанға тоқталатын болсақ, 2019 жылдың қыркүйек айында Алматы қаласында өткен қазақстандық құқықтық форумда «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы ҚР Жоғарғы сотымен бірлесе отырып, судья шешім қабылдағанда кеңесші құралы ретінде қызмет ететін жасанды интеллект юниті жасалынып жатқанын атап өтті.⁸ Осы жерде туындайтын басты сұрақ - сонда адамды оның өзі ойлап тапқан нәрсе соттайды ма? Адамдарға олардың өзіне бақылау жүргізетін нәрсенің не қажеті бар? Осындай жағдайда жасанды интеллекттің мәртебесі адамның мәртебесінен жоғары болады ма? Жоғарыда көрсетілген жасанды интеллект юниттеріне қатысты соңғы жылдары орын алған оқиғалар құқық тұрғысынан жаңа мәселелердің туындауына алып келді.

Біріншіден, жасанды интеллекттің адам өмірінің әртүрлі салаларына қарқынды түрде енуі сәйкесінше қоғамдық қатынастардың әртүрлі салаларындағы заңнаманың жетілдіруін қажет етеді. Қазіргі уақытта ғылым саласында «жасанды интеллект» ұғымының жалпымен танылған бірыңғай

⁴ Компьютер написал новую картину Рембрандта через 347 лет после смерти художника // URL: <https://habr.com/ru/post/392651/> Ақпарат алынған күн: 20.11.2019.

⁵ Роман, написанный искусственным интеллектом, вышел в финал литературного конкурса // URL: <https://habr.com/ru/post/392225/> Ақпарат алынған күн: 22.11.2019.

⁶ Искусственный интеллект расшифровал начало таинственного манускрипта Войнича // URL: <https://www.kp.kz/daily/26787.5/3821657/> Ақпарат алынған күн: 22.11.2019.

⁷ В Китае узаконили судебные приговоры, выносимые искусственным интеллектом // URL: <http://chelovek-online.ru/zakon/news/v-kitae-uzakonili-sudebnye-prigovory-vynosimye-iskusstvennym-intellektom/> Ақпарат алынған күн: 22.11.2019.

⁸ В судах Казахстана внедряют искусственный интеллект // URL: https://forbes.kz/process/technologies/v_kazahstane_vnedryayut_servis_prognozirovaniya_sudebnyih_aktov_budet_li_on_vliyat_na_sudyu_pri_prinyatii_resheniya. Ақпарат алынған күн: 22.11.2019.

түсініктемесінің жоқтығы заңнамаға өзгерістер енгізуге қиындық тудырып жатыр.

Екіншіден, жасанды интеллектпен дербес түрде немесе оның көмегі арқылы жасалған нәтижелер не «нәрсе» болып табылады. Осындай нәтижелер интеллектуалдық меншік құқығының объектісі болып табылады ма?

Үшіншіден, жасанды интеллектпен немесе оның көмегі арқылы жасалған нәтижелердің құқық субъектілерінің анықсыздығы. Жасанды интеллекттің өзі біреудің туындысы болып табылады. Ал туындымен жасалған нәрсенің құқық субъектісі кім болады? Ондай нәтижелердің меншік иесі кім? Жасанды интеллекттің авторы ма? Сол жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін техниканың қолданушысы ма? Жасанды интеллект пе? Жасанды интеллект дербес құқық субъектісі бола алады ма?

Жоғарыда көрсетілген мәселелердің барлығы жасанды интеллектті құқық тұрғысынан қарастырып, жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Зерттеудің мақсаты. Диссертацияның мақсаты болып жасанды интеллектпен немесе оның көмегі арқылы жасалған шығармашылық қызмет нәтижелерін құқықтық реттеу мен қорғау болып табылады.

Зерттеудің міндеттері. Диссертацияның міндеттері болып:

– «жасанды интеллект» ұғымының әртүрлі ғылыми еңбектерде және шет мемлекеттерінің ресми құжаттарында берілген анықтамаларына талдау жасап, негізгі белгілерін анықтау арқылы құқық тұрғысынан авторлық дефиниция беру;

– шығармашылық қызмет интеллектуалдық қызмет нәтижелерінің құқықтық қорғалуы үшін ең басты критерийлердің бірі болғаны үшін, жасанды интеллекттің дамуы барысындағы шығармашылық қызметтің түсінігін анықтау;

– Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттерінің қолданыстағы заңнамасы аясында жасанды интеллектпен немесе оның көмегі арқылы жасалатын шығармашылық қызмет нәтижелерін құқықтық қорғау мәселелерін зерттеу;

– жасанды интеллектпен немесе оның көмегі арқылы жасалған шығармашылық қызмет нәтижелерінің шет мемлекеттерінде нормативтік құқықтық реттелуінің даму үрдісіне талдау жасау;

– жасанды интеллектпен немесе оның көмегі арқылы жасалған шығармашылық қызмет нәтижелеріне құқықтың кімге тиесілі болу керектігін анықтау.

Диссертацияның зерттеу объектісі. Зерттеудің объектісі болып жасанды интеллектпен немесе оның көмегі арқылы жасалған шығармашылық қызмет нәтижелерінің құқықтық қорғалуы мен оларға

қатысты құқықтың кімге тиесілігін анықтау барысында туындайтын құқықтық қатынастар болып табылады.

Диссертацияның зерттеу пәні. Зерттеудің пәні Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының нормалары мен осы тақырыпқа қатысы бар шет мемлекеттерінің (Қытай, Ресей, Жапония, Біріккен корольдіктер, АҚШ) заңнамасының нормалары болып табылады. Сонымен қатар, тақырыпқа сай сот тәжірибесі, тәжірибелік ақпараттар мен ғылыми еңбектер.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Диссертация тақырыбы бойынша бүгінгі күнге дейін отандық авторлармен монография жазылмаған және бірде-бір диссертация қорғалмаған. Елімізде жасанды интеллектті құқық тұрғысынан қарастырып жазған ғылыми мақалалардың саны санаулы ғана болып табылады. Олардың қатарына Т.М. Жанткин мен А.О.Тұрғанбаевтың еңбектері жатады. Алайда екі автордың да мақаласында жасанды интеллект технологиялары тек белгілі бір тақырып шеңберінде қарастырылған. Яғни, Т.М. Жанткин⁹ өзінің мақаласында қазіргі кездегі автономды қарулардың құқықтық реттелу мәселелерін қарастырады. Яғни, адамның басқаруынсыз жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін қаруларды қолдану барысында туындауы мүмкін салдарлар үшін халықаралық-құқықтық жауапкершіліктің жоқтығын атап, ондай қаруларды жасауға, қолдануға тыйым салатын халықаралық құжат қабылдау қажет екендігін көрсетеді. А.О. Тұрғанбаев¹⁰ мемлекеттік басқарудағы стратегиялық жоспарлауда жасанды интеллект технологиялары мен басқа да жаңа технологияларды қолданудың құқықтық аспектілерін қарастырған.

Бұл авторлардың еңбегімен қатар жасанды интеллект жайлы жазған мемлекеттік қайраткер Кәрім Мәсімовтің 2019 жылы жарық көрген «Келешектің әміршісі. Жасанды интеллект» атты кітабын атап кетуге болады. Ол ғылыми еңбек болмағанымен де, онда жасанды интеллекттің даму тарихы мен оларды күнделікті өмірде қолдану барысында туындауы мүмкін жағымсыз салдарлар жайлы жазады. Оның ойынша барлық жасанды интеллект жүйелеріне қолдануға болатын әмбебап заң қабылдау керек және жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін технологиялар өздерінің

⁹ Жанткин Т.М. Автономные системы оружия летального действия: типология, риски, проблемы правового регулирования // Право и государство 2019. № 2 (83). С. 114-123.

¹⁰ Тұрғанбаев А.О. Правовые аспекты задействования технологий искусственного интеллекта и других новейших технологий в стратегическом планировании в государственном управлении // Право и государство 2019. № 1 (82). С. 27-39.

функциялары, техникалық сипаты мен автономдылық дәрежесіне қарай белгілі бір құқықтық мәртебеге ие болу қажет.¹¹

«Жасанды интеллект» ұғымының анықтамасы мен белгілері туралы жазған техника ғылымдарының кандидаты А.Ж. Асамбаев пен Т. Хакимова сияқты отандық авторлардың еңбегін атап өтсе болады. Бірақ бұл авторлар «жасанды интеллект» ұғымының анықтамасын құқық тұрғысынан қарастырмаған.

Қазіргі таңда отандық құқық ғылымында жасанды интеллект немесе оның көмегі арқылы жасалған шығармашылық нәтижелерін құқықтық реттеу және қорғау бойынша ғылыми еңбектердің болмауы тақырыптың зерттелу деңгейінің төмендігін көрсетеді.

Жасанды интеллект технологияларының түсінігі мен оларға қатысты құқықтық мәселелер шетелдік құқық ғылымында да соңғы жылдардан бастап өзекті бола бастады. «Жасанды интеллект» ұғымының анықтамасы мен белгілері туралы келесідей шетелдік авторлардың еңбектерінен көруге болады: С. Бренер, Т.А. Гаврилова, Л. Каменер, Р. Курцвейл, В.А. Лаптев, П.М.Морхат, И.В. Понкин, А.И. Редькина, В.Н.Ручкин, Е.П. Сесицкий, В.Н. Синельникова, Д.В. Смолин, Л.Н. Ясницкий.

Е.Г. Афанасьев, Э. Бонадио, Г.А. Гаджиев, С.Н. Гринь, А.А. Карцхия, В.П. Камышанский, Е.М. Косьяненко, Е. Красилова, А.Лагутенков, А.В. Нестеров, сияқты авторлар жасанды интеллекттің құқық субъектілігі және оны қолданудың салдарынан құқық тұрғысынан туындайтын мәселелер туралы зерттеген.

Жасанды интеллектті интеллектуалдық меншік құқығымен байланыстырып Л.С. Артений, Г.А. Ахмедов, Х. Арвидсон, Ю. Брумштейн, Э. Бонадио, Е.А. Войниканис, К.Д. Глазунова, А.В. Гурко, Т. Заплатаина, М. Ильменский, Э. Кайснер, А.А. Карцхия, И. Колесников, Е.Ю. Мартьянова, П.М. Морхат, О. Мурзаева, В.Б. Наумов, Т. Пинто, Л.А. Саргсян, Е.П. Сесицкий, Е.В. Старикова сияқты шетелдік авторлар зерттеген.

Бұл авторлармен жазылған еңбектердің тек бірнешеуі ғана монографиялық және диссертациялық жұмыс болып табылады. Олардың қатарында 2018 жылы жарық көрген П.М. Морхаттың «Интеллектуалдық меншік құқығы және жасанды интеллект» атты монографиясы.¹² 2019 жылы П.М. Морхатпен қорғалған «Жасанды интеллекттің интеллектуалдық меншік құқығы саласындағы құқық субъектілігі: азаматтық-құқықтық мәселелер» тақырыбындағы диссертациясы. Ол бірінші бөлімде «жасанды интеллект» ұғымына авторлық тұрғыда анықтама береді. Екінші бөлімде

¹¹ Масимов К. Следующий властелин мира. Искусственный интеллект // НА, 2019. – 347 с.

¹² Морхат П.М. Право интеллектуальной собственности и искусственный интеллект: монография // М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2018. – 121 с.

жасанды интеллектті интеллектуалдық меншік құқығы саласында автор, бірлескен автор, құрал ретінде қарастырады және де үшінші бөлімде жасанды интеллекттің құқықтық жауапкершілігі туралы мәселелерді қарастырады.¹³ 2019 жылы Е.П. Сесицкиймен «Жасанды интеллект жүйелерімен жасалынған нәтижелерді құқықтық қорғау мәселелері» тақырыбындағы диссертациясы қорғалған.¹⁴ Онымен жасанды интеллект жүйелерімен жасалынатын нәтижелердің авторлық құқық және патенттік құқық саласындағы құқықтық қорғалу мәселелерін қарастырылған.

Отандық құқық ғылымымен салыстырғанда шетелдік құқық ғылымында тақырыптағы мәселе жоғарырақ деңгейде зерттелген. Алайда көрсетілген авторлармен «жасанды интеллект» ұғымына құқық тұрғысынан біркелкі түсініктеме берілмеген, жасанды интеллектпен жасалынатын шығармашылық қызмет нәтижелерінің авторын анықтауда авторлардың арасында әлі күнге дейін бірыңғай шешім жоқ.

Зерттеу әдістері. Зерттеу барысында анализ, синтез, салыстырмалы-құқықтық, формальді-құқықтық, бақылау, сауалнама жүргізу әдістері қолданылды.

Ғылыми жаңалығы. Зерттеу барысында автормен жасанды интеллект құқық тұрғысынан зерттеліп, «жасанды интеллект» ұғымына авторлық анықтама берілді және жасанды интеллектке тән негізгі белгілер анықталды.

Жасанды интеллектпен немесе оның көмегі арқылы жасалған нәтижелердің құқықтық режимі анықталды.

Сонымен қатар жасанды интеллектпен немесе оның көмегі арқылы жасалған шығармашылық нәтижелерінің құқық субъектілері анықталды. Бұл диссертациялық жұмыс жасанды интеллектпен немесе оның көмегі арқылы жасалған шығармашылық қызмет нәтижелерін құқықтық реттеу мен қорғауға арналған Қазақстан Республикасындағы алғашқы ғылыми еңбектердің бірі болып табылады.

Қорғауға шығарылатын тұжырымдар.

1. Қазіргі таңда жасанды интеллект юниттерінің қарқынды түрде дамуының барысында құқық тұрғысынан туындап жатқан мәселелерді шешу үшін алдымен «жасанды интеллект» ұғымының анықтамасын анықтау қажет. Біздің қолданыстағы заңнамамызда «жасанды интеллект» ұғымының анықтамасы жоқ. Осыған байланысты біз заңнамаға «жасанды интеллект»

¹³ Морхат П.М. Правосубъектность искусственного интеллекта в сфере права интеллектуальной собственности: гражданско-правовые проблемы. // Диссертация на соискание ученой степени д.ю.н. // ДС Д401.001.02 при РГАИС. – 2019. – 420 с.

¹⁴ Сесицкий Е.П. Проблемы правовой охраны результатов, создаваемых системами искусственного интеллекта. // Диссертация на соискание ученой степени к.ю.н// Российская государственная академия интеллектуальной собственности» (РГАИС). — Москва, 2019., - 218 с.

ұғымының келесідей анықтамасын енгізуді ұсынамыз. «Жасанды интеллект» дегеніміз белгілі бір функциялар мен белгілі бір міндеттерді орындағанда кемінде үйрену, өздігінен үйрену, міндеттерді шығармашылық тәрізде шешу қабілеттері мен мүмкіндіктеріне ие ішінара немесе толық автономды жасанды жүйе.

2. Біздің жүргізген зерттеуіміздің барысында жасанды интеллект юниттерінің әзірлеушілері мен сол жасанды интеллектпен жасалатын шығармашылық қызмет нәтижелерінің арасында тікелей байланыстың болмауына байланысты қолданыстағы заңнама аясында бұндай нәтижелер интеллектуалдық меншік құқығының объектісі болып табылмайды да, сәйкесінше қорғауға жатпайды. Себебі біздің заңнамамызға сәйкес туынды жеке тұлғаның шығармашылық еңбегінің нәтижесінде жасалу керек (ҚР АҚ 963-баптың 3-тармағы). Ал аталған нәтижелер жасанды интеллектпен дербес түрде жасалады.

3. Жасанды интеллектпен немесе оның көмегі арқылы жасалған шығармашылық қызмет нәтижелерін интеллектуалдық меншік құқығының объектісі ретінде тану мақсатында бұндай нәтижелердің шығармашылық қызмет нәтижесіне жататындығы дәлелденді.

4. Жасанды интеллектпен жасалатын шығармашылық қызмет нәтижелеріне құқықтың кімге тиесілігін анықтау барысында жасанды интеллекттің көмегі арқылы және жасанды интеллектпен дербес түрде жасалатын шығармашылық қызмет нәтижелерін жеке дара қарастыру қажеттігі анықталды. Себебі жасанды интеллекттің көмегі арқылы жасалатын нәтижелерге оның қолданушысының тікелей шығармашылық үлесі қосылады. Ал жасанды интеллектпен дербес түрде жасалатын нәтижелерге қолданушының ешқандай шығармашылық үлесі қосылмайды. Жасанды интеллекттің көмегі арқылы жасалған шығармашылық қызмет нәтижелеріне құқық сол жасанды интеллекттің көмегі арқылы өзінің шығармашылық үлесін қоса отырып жасаған жасанды интеллект қолданушысына тиесілі болады. Ал жасанды интеллектпен дербес түрде жасалатын шығармашылық қызмет нәтижелеріне құқық (қолданушы жасанды интеллект әзірлеушісімен лицензиялық шартқа сәйкес лицензиат болуын қоспағанда) жасанды интеллект әзірлеушісіне тиесілі болады.

Зерттеудің теориялық маңызы. Диссертациялық жұмыс осы саладағы Қазақстан Республикасындағы алғашқы ғылыми еңбектердің бірі болуына байланысты, біздің зерттеуіміздің нәтижесінде алынған тұжырымдар болашақта жоғарғы оқу орындарында және т.б. жасанды интеллект юниттерін құқық тұрғысынан ғылыми-зерттеу қызметін жүргізу барысында өз септігін тигізеді.

Зерттеудің практикалық маңызы. Зерттеудің практикалық маңызы Қазақстан Республикасының интеллектуалдық меншік саласындағы

заңнамасын жетілдіруге қатысты автордың жүргізген зерттеуі нәтижесінде ұсынылған ұсыныстары болып табылады. Диссертациялық зерттеудің материалдары мен нәтижесі құқықтық актілердің әзірлеушілері жасанды интеллект саласына қатысты заң жобаларын дайындау барысында өз пайдасын тигізеді.

Зерттеу нәтижесін апробациялау. Диссертацияны жазу барысында екі мақала мен бір тезис жарыққа шықты. Олар: «Жасанды интеллект: құқық тұрғысынан түсінігі» атты мақала «ҚР Әділет министрлігінің жаршысы» журналының №2 (33) 2020 басылымында жарыққа шықты. 2020 жылдың 26-28 сәуірі аралығында «International forum: problems and scientific solutions» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қашықтықтан қатысып, «Persons subject to performance of artificial intelligence» тақырыбы бойынша тезис жарыққа шықты. Сонымен қатар 2020 жылдың 30 наурызында Қазақ еңбек және әлеуметті қатынастар академиясы мен «Параграф» АҚ-нің қолдауымен өткен академик С.З. Зимановтың 100-жылдығына арналған «Мемлекет пен құқықтың өзекті мәселелері: жетілдіру перспективалары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қашықтықтан қатысып, «Роботтардың шығармашылық қызмет нәтижелері авторлық құқықтың объектісі ретінде» тақырыбына мақала жарыққа шықты.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, алты бөлімшеден, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады.

I. ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

1.1. Жасанды интеллекттің негізгі белгілері мен түсінігі

«Жасанды интеллект» термині алғаш рет 1956 жылы Дартмут университетінде өткен ғылыми конференцияда информатика саласындағы танымал маман Джон Маккартимен қолданылды. Жасанды интеллект жөніндегі ол конференцияға адамның табиғи интеллектісі мен ақылының қызметтерін модельдеу мәселелері бойынша сол уақыттағы алдыңғы қатарлы мамандар қатысқан. Конференцияда «жасанды интеллект» термині алғаш қолданылғанымен, оның анықтамасы айтылмайды. Джон Маккартидің конференцияда айтқан сөзі келесідей болған: «Біз 2 айдың ішінде 10 адамның қатысуымен жасанды интеллектті зерттеуді ұсынамыз. Зерттеу кез келген интеллекттің құрылысы оны машина симуляция жасай алатындай нақты түрде сипатталуы мүмкін деген болжамға негізделеді. Біз машиналарды қазіргі таңда тек адамдарға тән табиғи тілдерді қолдануға, тұжырымдамалар мен абстрациялар жасауға, міндеттерді шешуге және өздігінен өзін жетілдіруге қалай үйретуге болатындығын түсінуге тырысамыз».¹⁵

Қазіргі таңда «жасанды интеллект» ұғымының сан қилы анықтамасы мен түсініктемесі бар. Бірақ берілген түсініктемелердің бірде-бірі барлық сала мамандарымен бірыңғай танылмаған. Бір авторлар жасанды интеллектті тек интеллекттің арқасында жұмыс жасайтын компьютерленген жүйе деп кең мағынада анықтаса, бір авторлар оны тек күрделі міндеттерді рационалды түрде орындайтын жүйе ретінде анықтайды¹⁶. «Жасанды интеллект» ұғымының әртүрлі авторлармен берілген түсінігі мен осы ұғымға кейбір шет мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілері мен ресми құжаттарында берілген түсінігін қарастырайық.

¹⁵ Откуда взялся термин «искусственный интеллект» // URL: <https://zen.yandex.ru/media/aiqcnt/otkuda-vziasia-termin-iskusstvennyi-intellekt-5be403452bcd7400aa4577d6>. Ақпарат алынған күн: 02.12.2019.

¹⁶ Firth-Butterfield K., Chae Y., Allgrove B., Kitsara I. Artificial Intelligence Collides with Patent Law White Paper / Center for the Fourth Industrial Revolution. – Geneva (Switzerland): World Economic Forum, 2018. – 23 p. – P.5// URL: http://www3.weforum.org/docs/WEF_48540_WP_End_of_Innovation_Protecting_Patent_Law.pdf. Ақпарат алынған күн: 02.12.2019.

Реймонд Курцвейл жасанды интеллектті «адаммен жүзеге асырылғанда интеллектуалды қабілетті қажет ететін функцияларды орындайтын машина» ретінде түсіндіреді.¹⁷

Ларри Каменер Курцвейлге ұқсас бағытты ұстанады. Ол жасанды интеллект ретінде «тек нұсқаулыққа сай ғана міндеттерді емес, сонымен қатар бұрындары тек адамның ой қабілетімен ғана орындалатын міндеттерді жүзеге асыра алатын машина» деп түсіндіреді.¹⁸

Бірақ қазіргі таңда біз жасанды интеллекттің белгілі бір машина күйінде емес, сонымен қатар компьютерлік бағдарлама, сан түрлі гаджеттерге арналған қосымшалар сияқты түрлерін де көруге болады. Каменердің жасанды интеллекттің өткен ғасырда тек адамның ой қабілетімен ғана жүзеге асырылатын міндеттерді орындай алуы дегенімен келісуге болады. Мысалы, 2018 жылы израильдік компаниямен жасалынған бағдарламадан 20 алдыңғы қатардағы американдық заңгер ұтылып қалды. Оларға берілген тапсырманың мақсаты құпия ақпаратты жарияламау туралы 5 келісімді тексеріп, олардағы арбитражбен немесе залалдарды өтеумен байланысты құқықтық тәуекелдерді анықтау болды. Жарыстың нәтижесінде жасанды интеллект сәйкесінше тәуекелдерді 94%-дық дәлдікпен анықтаса, ал он жылдық жұмыс тәжірибесі бар заңгерлер 85%-дық дәлдікпен ғана анықтай алды. Сонымен қатар заңгерлермен келісімдерді тексеруге кетірілген уақыты 92 минутты құрады, ал жасанды интеллект үшін 26 секунд қана қажет болды.¹⁹ Расында да ХХ ғасырдағы технологиялар бұндай міндеттерді орындай алмайтын.

Л.С. Болотованың ойынша, жасанды интеллект адамның интеллектісін еліктей алатын, яғни, адамның ақпаратты қабылдау, өңдеу, сақтау және олармен әртүрлі әрекеттерді орындау қабілеттерін жүзеге асыра алатын жасанды жүйе.²⁰ Жасанды интеллектті жүйе ретінде қарастыруды дұрыс санаймыз. Себебі жүйе дегеніміз белгілі бір тұтастықты құрайтын, бір-бірімен байланыста тұратын көптеген элементтер. Жасанды интеллект

¹⁷ Kurzweil R. The Age of Intelligent Machines.,Cambridge (Massachusetts, USA): MIT Press, 1990.-656 P.// URL: <https://www.scientificamerican.com/article/merging-of-mind-and-machine>. Ақпарат алынған күн: 02.12.2019.

¹⁸ Kamener L. Courting change: the verdict on AI and the courts / The Centre for Public Impact // URL: <https://www.centreforpublicimpact.org/courting-change-verdict-ai-courts>. Ақпарат алынған күн: 05.12.2019.

¹⁹ Как искусственный интеллект меняет юридическую профессию и чем это грозит юристам // URL: https://forbes.kz/process/technologies/kak_iskusstvennyiy_intellekt_menyaet_yuridicheskuyu_professiyu_i_chem_eto_grozit_yuristam. Ақпарат алынған күн: 05.12.2019.

²⁰ Болотова Л.С. Системы искусственного интеллекта: модели и технологии основанные на знаниях: Учебник. – М., 2012. – 664 с. – С. 31.

жоғарыдағы авторлармен көрсетілгендей тек есептеу машинасы түрінде ғана болмайды. Олар робот, компьютерлік бағдарлама және т.б. нысандарда болады. Сондықтан да Болотованың жасанды интеллектті жүйе деп қарастыруы орынды болып табылады.

О.В. Ревинский мен В.Н. Синельникова жасанды интеллектті адаммен жасалған, қызметінің нәтижесінде жаңа ақпарат пен объективті түрдегі нәтижелерді жасай алатын компьютерлік бағдарлама деп түсіндіреді.²¹ Бұл авторлардың берген түсініктемесімен ішінара келісуге болады. Себебі жасанды интеллект юниттерінің қызметінің нәтижесінде жаңа шығармашылық нәтижелер пайда болып жатыр. Мысалы, жаңа әндер, жаңа суреттер және т.б. Алайда жасанды интеллектті тек компьютерлік бағдарлама ретінде шектеп қарастыруға болмайды деп есептейміз.²²

Питер Норвиг пен Стюарт Расселл «жасанды интеллект» ұғымының анықтамасын беру үшін төрт тәсілді қарастырады:

- жасанды интеллект адамның ой әрекетіне ұқсас әрекетті жүзеге асыра алу негізіндегі тәсіл. Мысалы, шешімдер қабылдау, мәселелерді шешу, өздігінен үйрену;

- негізіне адамның мінез-құлқы алынған тәсіл, яғни жасанды интеллект орындалуы үшін адам ақылын қажет ететін функцияларды орындай білуі қажет;

- рационалды ойлау негізіндегі тәсіл;

- рационалды мінез-құлық негізіндегі тәсіл.²³

Мади Дельвоның ойынша, жасанды интеллект юниті болып қоршаған ортамен бергіштер арқылы ақпарат алмасу арқылы дербестікке ие болатын және деректер ауқымымен талдау жасайтын және басқаратын, өздігінен үйренетін және қоршаған ортаға өз әрекеттері мен мінез-құлқын бейімдете алатын жасанды интеллектке ие кибернетикалық объект болып табылады.²⁴ Мади Дельвомен берілген анықтамаға мысал ретінде жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін София есімді роботты (әрі қарай - София)

²¹ Синельникова В.Н., Ревинский О.В. Права на результаты искусственного интеллекта // Копирайт. – 2017. – № 4. – С. 17–27. – С. 18.

²² Бексейтова Ә.С. Жасанды интеллект: құқық тұрғысынан түсінігі. // Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жаршысы, №2(33) 2020. – 49 б.

²³ Russell S., Norvig P. Artificial Intelligence: A Modern Approach [Жасанды интеллект: Заманауи түсінігі]. Third edition. – Boston: Prentice Hall, 2010. – xviii; 1132 p. – P. 1–2.

²⁴ Draft Report with recommendations to the Commission on Civil Law Rules on Robotics (2015/2103(INL)), 31.05.2016 / Committee on Legal Affairs / European Parliament; Rapporteur: Mady Delvaux.– 22 p. – P. 6–7.//URL: <http://www.europarl.europa.eu/sides/getDoc.do?pubRef=//EP//NONSGML%2BCOMPARL%2BPE-582.443%2B01%2BDOC%2BPDF%2BV0//EN>. Ақпарат алынған күн: 03.12.2019.

жатқызсақ болады. София дүние жүзінде алғаш рет азаматтыққа ие болған робот болып табылады. 2017 жылы София Сауд Арабиясының азаматтығына ие болды.²⁵ Құқық тұрғысынан қарайтын болсақ, қазіргі таңда азаматтыққа тек қана адамдар ие бола алады. Бұл адам тәріздес роботтың азаматтық алуы оның құқықтар мен міндеттерге ие болуын білдіреді. Егер София адамдарға қарсы әрекет жасап, оларға зиян келтірсе, ол үшін кім жауапты болып табылады? Роботтарды қалай жауапкершілікке тартуға болады?²⁶

И.В. Понкин мен А.И. Редькина жасанды интеллектке келесідей анықтама береді: бұл когнитивті-функционалдық архитектурасы мен өзіндік немесе релевантты түрде қол жетімді қажетті сыйымдылықтағы есептеуіш қуаттарына ие жасанды, күрделі кибернетикалық компьютерлік-бағдарламалық-аппараттық жүйе (электронды, соның ішінде электронды механикалық, биоэлектрлік-механикалық немесе гибриді). Олардың ойынша жасанды интеллект келесі сипаттарға ие:

- субстантивтік (интеллектуалды агент ретінде белгілі бір субъектілікті қоса алғанда) және дербестік қасиетке ие;

- жоғары дәрежедегі мүмкіндіктермен қоршаған белгілер мен бейнелерді, қатынастарды, процестер мен жағдайларды қабылдау және үлгілерін жасау, өз шешімдерін өздігінен қабылдау және жүзеге асыру, өз мінез-құлқы мен тәжірибесін түсіну, өздігінен әрекеттер алгоритмін өңдеу мен түзетпелеу және автономды түрде терең өздігінен үйрену.²⁷

И.В. Понкин мен А.И. Редькинаға ұқсас бағытты П.М. Морхаттың еңбегінен көрсек болады. Онымен жасалған зерттеу қорытындысына сәйкес «жасанды интеллект» болып:

- бейнелерді, таңбалық жүйелер мен тілдерді анықтау, рефлексия, ойлау, модельдеу, бейнелі (мәнін беретін және мәнін түсінетін) ойлау, талдау және бағалау сияқты адам тәріздес ойлау мен когнитивті әрекеттерге;
- өзгеріп жатқан жағдайларға сәйкес өзін-өзі реттеу, өзін-өзі үйретуге;
- үйрену және өзін-өзі үйретуге (соның ішінде өзінің қателіктері мен тәжірибесі негізінде);

- өзін тестілеуге өздігінен тест құрастыруға қабілетті толығымен немесе ішінара автономды, өздігінен ұйымдастырылатын компьютерлік-

²⁵ Человекаподобная девушка-робот получила гражданство Саудовской Аравии // URL: <https://www.kp.kz/daily/26749/3779118/>. Ақпарат алынған күн: 01.12.2019.

²⁶ Бексейтова Ә.С. Жасанды интеллект: құқық тұрғысынан түсінігі. // Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жаршысы, №2(33) 2020. – 49 б.

²⁷ Понкин И.В., Редькина А.И. Искусственный интеллект с точки зрения права // Вестник Российского университета дружбы народов. Сер. «Юридические науки». – 2018. – Т. 22. – № 1. – С. 91–109. – С. 94–95. 107

аппараттық-бағдарламалық виртуалды немесе киберфизикалық, сонымен қатар, био-кибернетикалық жүйе.²⁸

Жоғарыда көрсетіліп өткен авторлармен берілген жасанды интеллект анықтамасының әркелкілігі көрінеді. Жасанды интеллект түсінігінің шектері нақты болмағанымен, бұндай технологиялардың негізгі мақсаты болып автоматтандыру мен интеллектуалды жүріс–тұрысты шығару болып табылады.

Ронал Чандра мен Йога Приастомо жасанды интеллектті адам сияқты ойлай алу арқылы қызмет ететін машинаның қабілеті деп анықтайды.²⁹

Біз Назарбаев Университеті жанындағы Ақылды жүйелер мен жасанды интеллект институтында зерттеу тәжірибесін өту барысында жасанды интеллект юниттері іс жүзінде қалай жасалатынын бақыладық. Жүргізген бақылауымыздың қорытындыларына сәйкес жасанды интеллект юниттерін жасау келесі кезеңдерден тұратынын анықтадық. Алдымен қызметкер өз саласына сәйкес деректерді жинайды. Яғни, егер жасанды интеллект юниті бейнелеу өнері саласындағы шығармашылық қызметінің нәтижелерін жасайтын болса, онда деректер ретінде суреттер есептеледі. Осыдан кейін модельді жасау басталады. Яғни, нақты бір программалау тілінде бағдарламаны жазады. Жүйені программалау арқылы жинаған деректердің негізінде жүйені машиналық оқытудың терең оқыту мен оқытушымен оқыту әдістері арқылы оқытады. Институттың жобаларын жасау барысында «Python» және «Jupyter Notebook» программалау тілдері қолданылады. Жасанды интеллект юниттерінің жұмысын машиналық оқытудың оқытушымен оқыту әдісі арқылы әрі қарай дамытып отырады.

Жасанды интеллект юнитін осы уақытқа дейін болған техникалармен салыстыра қарасақ, ондай техникалардың (машиналар) басты ерекшеліктерінің бірі болжамдық болып табылады. XX ғасырдағы техникалар нақты бір стандарттарға сәйкес құрастырылған және өзінің құрылымында көрсетілген міндеттерді ғана іске асыра алатын. Басқаша айтқанда, олар жасанды интеллект юниті сияқты жаңа жағдайларға бейімделу үшін өздігінен өз құрылымын өзгерте алмайтын.

Зерттеліп отырған «жасанды интеллект» ұғымының ресми анықтамасы кейбір шет елдік нормативтік құқықтық акт пен ресми құжаттарда кездеседі. Бірақ қазіргі таңда бұл ұғым бұндай құжаттарда сирек кездеседі. Жапонияның «Жария және жеке сектордағы деректерді қолдануды жақсарту жөніндегі» № 103 14.12.2016 жылғы заңының 2-бабының 2-тармағына

²⁸ Морхат П.М. Искусственный интеллект: правовой взгляд / Инст. гос.-конф. отн. и права. – М.: Буки Веди, 2017. – 257 с. – С. 14

²⁹ Chandra R., Prihastomo Y. Artificial Intelligence Definition: A Review.– 3 p. – P. 2. // URL: <https://pdfs.semanticscholar.org/d959/ad041acca7570a7229e51c18a297bb7ca0b2.pdf>. Ақпарат алынған күн: 05.12.2019.

сәйкес «жасанды интеллектпен байланысты технология» ұғымы жасанды құралдар арқылы қажетті функциялардың қолданылуымен үйрену, ой қорытындылау, пайымдау сияқты интеллектуалды функцияларды жүзеге асыратын технологияны білдіреді.³⁰

2017 жылы желтоқсанда АҚШ-та Конгресс «Жасанды интеллектті қолданудың негізгі түсінігі мен шынайы эволюциясы туралы» (Жасанды интеллекттің болашағы туралы) Заңның жобасын жасаған болатын. Бұл жоба онда берілген «жасанды интеллект» ұғымының түсінігіне сәйкес ғылыми-зерттеушілік мүддені білдіреді. Жобаның 3-бабының «а» тармағының 1-тармақшасына сәйкес «жасанды интеллект» келесіні білдіреді:

- өзгертілетін және болжамсыз жағдайларда, адамның елеулі бақылауынсыз міндеттерді орындайтын немесе өз тәжірибесінің негізінде үйренетін және өз өнімділігін көтере алатын кез-келген жасанды жүйелер. Бұндай жүйелер бағдарламалық, аппараттық және басқа да түрде жасалынуы мүмкін:

- адам сияқты ойлайтын когнитивтік архитектура мен нейронды желілер жүйесі.

- Тьюринг тестін және осыған ұқсас басқа да тесттерді табиғи тілді өңдеу,

білім, автоматтандырылған ойлар беру мен үйрену арқылы өте алатын жүйелер, яғни, адам сияқты әрекет етеін жүйелер.

- когнитивті міндеттерді орындауды еліктеуге тырысатын техникалық тәсілдер жиынтығы.

Жобада «жалпы жасанды интеллект» ұғымы берілген. «Жалпы жасанды интеллект» ұғымы Заң жобасына сәйкес, тек когнитивті емес, сонымен қатар эмоционалды және әлеуметтік түрдегі адамның мінез-құлқы сияқты интеллектуалды мінез-құлықты көрсете алатын болашақтағы жасанды интеллект жүйесін білдіреді. Ал «құрал-саймандық жасанды интеллект» белгілі бір қолданбалы саладағы міндеттерді шешетін жасанды интеллект жүйесін білдіреді. Мысалы, стратегиялық ойындар, бір тілден басқа тілге аудару, жүргізушісіз көліктер, бейнелерді анықтау.³¹

³⁰ 4 Базовый закон Японии от 14.12.2016 № 103 «Об улучшении использования данных публичного и частного секторов» [官民データ活用推進基本法 / Basic Act on the Advancement of Public and Private Sector Data Utilization № 103 of December 14, 2016] //URL: <http://www.japaneselawtranslation.go.jp>. Ақпарат алынған күн: 25.10.2019.

³¹ H.R.4625 – Future of Artificial Intelligence Act of 2017, 115th Congress (2017–2018). Sponsor: Rep. Delaney, John K. [D-MD-6] (Introduced 12.12.2017). Committees: House – Energy and Commerce; Science, Space, and Technology; Education and the Workforce; Foreign Affairs; Judiciary; Oversight and Government Reform //URL:

Ресей Федерациясы Президентінің 2019 жылғы 10 қазандағы «Ресей Федерациясында жасанды интеллектті дамыту туралы» Жарлығына сәйкес «жасанды интеллект» болып адамның когнитивті функцияларына еліктей алатын (өздігінен үйрену мен алдын ала алгоритмсіз шешімдерді табуды қоса алғанда) және белгілі бір міндеттерді орындағанда кем дегенде адамның интеллектуалдық қызметінің нәтижесінде алынатын нәтижелерді жасай алатын технологиялық шешімдер жиынтығы. Технологиялық шешімдер жиынтығына ақпараттық-коммуникациялық инфраструктура, бағдарламалық жабдықтау (соның ішінде машиналық оқыту тәсілдері қолданылатын), деректерді өңдеу мен шешімдерді іздеу бойынша процестер мен сервистер кіреді.³²

Жоғарыда көрсетілген ғылыми мақалалар мен нормативтік құқықтық актілер мен ресми құжаттардағы «жасанды интеллект» түсінігін назарға ала отырып, біз «жасанды интеллекттің» келесідей белгілерін анықтадық:

- техникалық құрылғысының болуы (киберфизикалық жүйенің);
- ақпаратты қабылдау және оны беру қабілеттілігі;
- адамның қатысуынсыз автономды түрде жұмыс істеу қабілеттілігі;
- зерттелген деректер негізінде ақпаратты талдау, жинақтау мен интеллектуалды шешімдерді жасауға қабілетті;
- өздігінен ақпаратты іздеу мен соның негізінде шешім қабылдау;
- өз тәжірибесі мен қателіктері негізінде үйренуге қабілетті;

«Жасанды интеллект» дегеніміз белгілі бір функциялар мен белгілі бір міндеттерді орындағанда кемінде үйрену, өздігінен үйрену, ойлау, өз-өзін реттеу, міндеттерді шығармашылық тәрізде шешу сияқты қабілеттер мен мүмкіндіктерге ие автономды жасанды жүйе.

1.2. Жасанды интеллекттің дамуы барысындағы шығармашылық қызметтің түсінігі

Соңғы он жылдың ішінде жасанды интеллект юниттері қарқынды түрде дами отырып, қоғамға өздерінің әсерін тигізіп келе жатқанын байқауға болады. Жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін әртүрлі бағдарламалар мен қосымшалар ойлап табылып, олар қазіргі кезде көптеген адамдардың күнделікті өмірінде қолданылып жүр. Қазіргі уақыттағы жасанды интеллект

<https://www.congress.gov/bill/115th-congress/house-bill/4625/text>. Ақпарат алынған күн: 25.10.2019.

³² Указ Президента Российской Федерации от 10 октября 2019 года «О развитии искусственного интеллекта в Российской Федерации»// URL: http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_335184/. Ақпарат алынған күн: 05.12.2019.

юниттері мәтіндерді әртүрлі тілдерге аударады, белгілі бір салада болжамдар жасайды, әндер шығара алады, дыбыстар, суреттер мен адамдардың келбеттерін тани алады және т.б.. Яғни, жасанды интеллект юниттері бүгінгі күні өткен ғасырда тек адамның интеллектісінің көмегімен іске асыруға болатын түрлі әрекеттерді жасауға қабілетті.

Жасанды интеллект адам өмірінің сан қырлы саласында қолданылып жатқаны баршамызға мәлім. Олардың бірі шығармашылық қызметпен байланысты болып табылады. Мысалы, ежелгі кезден бастап қазіргі заманға дейін суретшілер өздерінің ойындағы суреттерін салу үшін әртүрлі құралдарды қолданып келді. Олар тастар, бояулар, қылқаламдар, компьютердегі бағдарламалар (Paint, Corel Draw және т.б.) мен түрлі гаджеттердегі қосымшалар және т.б.. Осы құралдармен салынған суреттердің барлығы адамның шығармашылық қызметін қажет етіп келді. Яғни, адам өз ойынан не салатынын белгілеп алып, одан әрі оны жоғарыда аталған құрал-саймандардың бірімен іске асыратын. Суретшінің шығармашылық қызметімен салынған бұл суреттердің авторы ретінде суретшінің өзі танылып келді. Алайда соңғы жылдары дүние жүзінде жасанды интеллект юниттерінің қарқынды түрде дамуы шығармашылық қызметке жаңа көзқараспен қарауды қажет етеді.

Жасанды интеллектпен жасалған нәтижелерді құқықтық қорғау барысында туындап жатқан мәселелердің бірі шығармашылықпен байланысты болып табылады. Қазіргі уақытта қандай туындыларды шығармашылық қызметтің нәтижесі деп танимыз? Жасанды интеллект юниттері шығармашылық қызмет жасауға қабілетті ме?

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (әрі қарай – ҚР АҚ) 961-бабы 1-тармағына сәйкес интеллектуалдық меншік құқығының объектілеріне интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелері жатады.³³

Алайда Қазақстан Республикасының интеллектуалдық меншік саласындағы заңнамасында «шығармашылық» немесе «шығармашылық қызмет» деген ұғымдардың анықтамасы жоқ.

Қазіргі таңда жалпы «шығармашылық» немесе «шығармашылық қызмет» ұғымдарына қатысты ғылым саласында бірнеше ойлар бар.

В.А. Дозорцевтің ойынша шығармашылық қызметтің нәтижесі оны жасаған автор тұлғасының өзіндік іздеріне ие болады.³⁴ Бұл тұжырыммен ішінара ғана келісуге болады. Себебі барлық авторлардың шығармашылық

³³ Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім) Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Кодексі. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_/ Ақпарат алынған күн: 20.02.2021.

³⁴ Дозорцев В.А. Интеллектуальные права: Понятие. Система. Задачи кодификации. М.: Статут, 2005. С. 145.

қызметінің нәтижесі бір-біріне ұқсас бола бермейді. Сонымен қатар бірдей екі жасанды интеллект юнитіне бірдей команда берген сәтте олар бір-біріне ұқсамайтын әртүрлі нәтижелерді береді. Біз Назарбаев университеті жанындағы Ақылды жүйелер мен жасанды интеллект институтында зерттеу тәжірибесін өту барысында Nvidia компаниясымен жасалған «GauGAN»³⁵ жасанды интеллект юнитінің жұмыс істеу алгоритміне зерттеу жасадық. Nvidia компаниясымен жасалған «GauGAN» жасанды интеллект юниті схемалық суреттерді шынайы табиғи суреттерге айналдыра алады. «GauGAN» генератор мен дискриминатордан тұратын генеративті нейрондық жүйеден құралған. Бұл жасанды интеллект юнитінің қолданушысы қылқалам, қалам және т.б. бағдарламаның құралдарын қолдану арқылы өзіне қажетті бейненің сызбасын жасап, белгілі бір режимдерді (мысалы, шөп, тас, теңіз, тал және т.б.) таңдайды. Бірінші кезеңде генератор салынған сызбаны өңдей отырып, оны дискриминаторға жібереді. Ал дискриминатор шынайы суреттер негізінде оқытылған. Ол генераторға пиксельді кері байланысты қолдана отырып, сол сызбаны шынайы табиғаттың суретіне айналдыруға көмектеседі. Бұл бағдарлама әзірше табиғат көріністерін ғана жасай алады. Бұл жасанды интеллект юнитін Flickr-ден алынған миллиондаған суреттердің көмегімен оқытқан. Бағдарлама жүз мыңдаған шынайы табиғат көріністерін жасай алады. Және де бұл жүйенің алгоритмінде бір-біріне ұқсамайтын суреттер жасау қажеттігі туралы әрекеттер енгізілген. Яғни, бұл бағдарлама екі қолданушы бірдей сызба енгізген болса да, ол екі қолданушыға да бағдарлама екі түрлі сурет жасап шығарады. Ал 2016 жылғы Нидерландыдағы голландық суретші Рембрандт Харменс ван Рейннің мыңдаған жұмысын саралау арқылы сурет салатын жасанды интеллект юниті³⁶ В.А. Дозорцевтің ойына сәйкес бір стильдегі суреттерді жасауға қабілетті.

Кейбір авторлар шығармашылық қызмет ретінде өзіндік ерекшелігі бар жаңа бір нәрсенің жасалуына бағытталған интеллектуалды қызметті таниды.³⁷ Сонымен қатар кейбір еңбектерде шығармашылық нәтижесі

³⁵ GauGAN: semantic image synthesis with spatially adaptive normalization URL: https://www.researchgate.net/publication/334714551_GauGAN_semantic_image_synthesis_with_spatially_adaptive_normalization/ Ақпарат алынған күн: 20.02.2021.

³⁶ Компьютер написал новую картину Рембрандта через 347 лет после смерти художника // URL: <https://habr.com/ru/post/392651/> Ақпарат алынған күн: 20.11.2020.

³⁷ Ginsburg J.C. People Not Machines: Authorship and What It Means in the Berne Convention [Люди не машины: авторство – что это значит в Бернской конвенции] // IIC; international review of industrial property and copyright law. 2018. № 2 (49). – P. 133–134.

жаңа, бірегей болу және қайталанбастығымен сипатталады.³⁸ Біз осы тұжырыммен толығымен келісеміз. Себебі шығармашылық дегеніміз расымен де осы уақытқа дейін болмаған, жаңа бірегей бір нәрсені жасауға бағытталған қызмет. Осы тұжырымға сай бізбен зерттеу тәжірибесі барысында зерттелген OpenAI американдық жасанды интеллект саласын зерттейтін зертхана қызметкерлерімен жасалған «DALL E» жасанды интеллект юнитін мысал ретінде келтірсе болады. Бұл жасанды интеллект юнитінің негізгі мақсаты болып оған енгізілген мәтіндерді сурет нысанында шығару болып табылады. Қазіргі уақытта бұл жүйе тек ағылшын тіліндегі мәтіндерді өңдеу арқылы сурет сала алады. Себебі юнит тек ағылшын тіліндегі мәтіндер негізінде оқытылған. Бұл жүйе суретті жасау барысында он екі миллиард параметрлерді колданады (түстер, биіктік, орналасу орны, заттардың атауы және т.б.). «DALL E»³⁹ қазіргі уақытқа дейін болмаған жаңа бірегей суреттерді жасап шығаруға қабілетті. Сонымен қатар юнит күрделі абстрактылық комбинацияларды түсінеді. Бұл жасанды интеллект юниті 1280 токен өлшем бірлігіндегі (256 мәтін, 1024 сурет бөліктері) мәтін мен суретті қабылдай отырып, авторегрессивті түрде оларды модельдеп, соның нәтижесінде жаңа суреттерді жасап шығарады.

О. И. Елхова мен А. Ф. Кудряшевтің ойынша адамдарға шығармашылық қызметті модельдеу туралы айтқан уақытта шығармашылықты жасайтын тұлға ретінде бірден санасы бар адам елестейді. Бұл жерде сананың ескерілуі шығармашылықты саналы әрекет немесе сол әрекеттердің реттілігі ретінде көрсетеді. Ал осыған сәйкес шығармашылық қызмет барысында нақты бір мақсаттар қойылу керек екендігін ұғыну қажет. Жасанды интеллект юниттеріндегі шығармашылық қызмет – белгілі бір уақыт аралығындағы мақсатты түрде жаңа бір нәрсенің жасалуына бағытталған процесс болып табылады.⁴⁰

О. И. Елхова мен А. Ф. Кудряшевтің ойынша шығармашылық қызмет барысында екі кезеңді атап өтуге болады. Олар ізденістік және композициялық кезеңдер.⁴¹ Олардың әрқайсысының бағыты және даму логикасы бар. Шығармашылық қызметтің бірінші кезеңінде шығармашылық қызметтің сәтті түрде жүзеге асуы үшін қажет нәрсе ретінде бастапқы білім

³⁸ Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік меншік объектілерін құқықтық қорғау мәселелері : оқу құралы / И. Елеусізова ; рец. Т. Е. Каудыров. - Астана : Фолиант, 2013. - 10 б.

³⁹ CLIP: connecting Text and Images// CODE VIEW// URL: <https://openai.com/projects/> Ақпарат алынған күн: 24.02.2021.

⁴⁰ Кудряшев А. Ф., Елхова О. И. Творческий процесс в системах с искусственным интеллектом // Вестник уфимского государственного авиационного технического университета. 2014. № 5(66). С.115.

⁴¹ Сол жерде

фазасын атап өтуге болады. Бастапқы білім шығармашылық қызметтің алғашқы кезеңі болғанымен, осы жерде жасанды интеллект юниттеріне қатысты күрделі мәселелер туындай бастайды. Себебі жасанды интеллект жүйелерінің басты мақсаты компьютерлік бағдарламаларды алдын ала белгіленбеген жағдайларда дұрыс ойлауға үйрету болып табылады. Осыған байланысты жасанды интеллект юниттерін жасаумен байланысты ғылыми-зерттеу жобаларындағы мақсат сондай юниттерде адамдікі секілді ақыл-ой (commonsense knowledge) қорын жасау болып табылады. Алайда бұндай юниттерге адамдікіндей білімдер жүйесін орнату өте күрделі міндеттердің бірі болып саналады. Америка құрама штаттары Иллинойс штатындағы университетте жұмыс істейтін информатика профессоры Р. Слоан: «Біздің барлығымыз көп нәрсені білеміз. Біз оның барлығын сәби болған кезімізден бастап біле бастадық және де осылайша әлі де көптеген ақпаратты игере береміз. Ал жасанды интеллект жүйелеріне қазіргі уақытқа дейін өздігінен барлық саладағы ақпаратты игеру мүмкін емес», - дейді.⁴² Р. Слоанның жасанды интеллект жүйелеріне қатысты ойымен ішінара келісуге болады. Расымен де жасанды интеллект адамның интеллектісімен теңесе алмайды және де әлемде барлық салада жұмыс жасай алатын әмбебап жасанды интеллект юниті жоқ. Алайда нақты бір салаға тоқталатын болсақ, жасанды интеллект юниттері қатардағы жұмысшыларды жұмыс нәтижесінің сапасы жағынан озып кетіп жатқан жағдайлар орын алып жатыр. Мысалы, жоғарыда аталған 2018 жылы израильдік компаниямен жасалынған жасанды интеллект юнитінен 20 алдыңғы қатардағы американдық заңгер ұтылып қалды. Оларға берілген тапсырманың мақсаты құпия ақпаратты жарияламау туралы 5 келісімді тексеріп, олардағы арбитражбен немесе залалдарды өтеумен байланысты құқықтық тәуекелдерді анықтау болды. Жарыстың нәтижесінде жасанды интеллект сәйкесінше тәуекелдерді 94%-дық дәлдікпен анықтаса, ал он жылдық жұмыс тәжірибесі бар заңгерлер 85%-дық дәлдікпен ғана анықтай алды.⁴³ Осыған байланысты қазіргі уақытта барлық салада тура адамның интеллектісімен бірдей дәрежеде жұмыс істей алатын жасанды интеллект юниттері ойлап табылмағанымен, нақты бір жұмыс

⁴² Darren Quick. Top notch AI system about as smart as a four-year-old, lacks commonsense // URL: <http://www.gizmag.com/ai-system-iq-four-year-old/28321/> (есть русск. пер.). URL: <http://www.dailytechinfo.org/infotech/4996sameye-luchshie-sistemy-iskusstvennogo-intellekta-obladayutiq-chetyrehletnego-rebenka.html>. // URL: Ақпарат алынған күн: 02.12.2019.

⁴³ Как искусственный интеллект меняет юридическую профессию и чем это грозит юристам// URL: https://forbes.kz/process/technologies/kak_iskusstvennyiy_intellekt_menyaet_yuridicheskuyu_professiyu_i_chem_eto_grozit_yuristam. Ақпарат алынған күн: 05.12.2019.

түрлерін адамнан да жақсы орындай алатын жасанды интеллект юниттерінің бар екендігін жоққа шығармауымыз керек.

Енді шығармашылық қызметтің екінші кезеңіне тоқталып өтсек. Шығармашылық қызметтің нәтижесі жаңа және бірегей нәрсенің жасалуы болып табылады. Адамдардың шығармашылығымен жасалған көптеген нәтижелер осы уақытқа дейін болған идеялар мен объектілердің қисындасуы десек болады. Шығармашылықты осы композициялық бағытта түсіну жасанды интеллект юниттеріндегі шығармашылық қызметтің моделін жасауға мүмкіндік береді. Жаңа қисындасулар әртүрлі компоненттердің бірігуінен пайда болуы мүмкін. Осындай компоненттердің бірігуінен жасалынатын мысалдардың бірі ретінде музыкадағы машиналық шығармашылықты атаса болады.

Қазіргі таңда музыкадағы машиналық шығармашылық екі бағыт бойынша дамып жатыр. Бірінші бағыт бойынша жасанды интеллект юниті адамдардың орындауы арқылы ойналатын музыканы адамның көмегінсіз өздігінен жасап шығарады. Бүгінгі күні осындай шығармашылық қызмет нәтижелерін жасайтын жасанды интеллект юниті ретінде Испанияның Малага қаласындағы университетте жасалған «IAMUS» жүйесін мысалға келтірсе болады. Бұл жүйенің негізінде адамның көмегінсіз музыканы жасап шығаратын Melomics технологиясы орнатылған. Бұл жүйенің қорында миллиардтан аса музыкалық композициялар бар. «IAMUS» жасанды интеллект юниті қазіргі уақытта әйгілі классиктердің (И. С. Бах, Л. Бетховен, В. А. Моцарт) жасаған музыкаларына ұқсас емес музыкалық туындылар шығара алатын ең алғашқы жүйе болып табылады. 2012 жылдың қыркүйек айында Лондон симфониялық оркестрімен жазылған «IAMUS» альбомының дискі жарыққа шықты. Осы оқиға музыка әлеміндегі бір топ оркестрдің орындауындағы жасанды интеллектпен жасалған алғашқы көрнекті музыкалық туынды болып табылады.⁴⁴

Музыкадағы машиналық шығармашылықтың екінші бағыты электронды музыканы жасау мен оны электронды музыкалық аспап арқылы әуендету болып табылады. Қазіргі уақытта әртүрлі компьютерлік бағдарламалардың көмегімен жасалған музыкалар өзінің ерекше әуені мен өзіне әртүрлі стильдерді (классикадан поп-музыкаға дейін) қосу арқылы өзіндік жеке жанр болып табылады. Сонымен қатар бүгінгі күні әлемдік музыкалық чарттарда осы әртүрлі компьютерлік бағдарламалардың көмегімен жасалып жатқан әуендер алғашқы орындарда тұратынын атауға болады. Мысалы, жақында 2021 жылы 15 наурызда «Grammy» музыкалық

⁴⁴ Peckham M. Finally, a Computer that Writes Contemporary Music without Human Help // New York Times Jan. 04. 2013. URL: <http://techland.time.com/2013/01/04/finally-a-computer-that-writes-contemporary-music-without-humanhelp/> Ақпарат алынған күн: 06.12.2020.

премиясынан «Ең үздік ремикс» номинациясын өзіміздің жерлесіміз Иманбек Зекенов алды. Ол «Roses» өлеңінің ремиксін «FL Studio» компьютерлік бағдарламасымен жасаған.⁴⁵ «FL Studio» компьютерлік бағдарламасы тек дайын музыканы өңдеу емес, сонымен қатар жаңа музыка жасауға арналған компьютерлік бағдарлама болып табылады. Қазіргі уақытта осы бағыттағы музыкаларды адамның көмегінсіз өздігінен жасайтын жасанды интеллект юниттері бар. Оған мысал ретінде «Jukebox» жасанды интеллект юнитін жатқызса болады. Біз Назарбаев университеті жанындағы Ақылды жүйелер мен жасанды интеллект институтында зерттеу тәжірибесін өту барысында «Jukebox» жасанды интеллект юнитінің жұмыс істеу алгоритмін зерттедік. Бұл жасанды интеллект юниті «OpenAI» американдық жасанды интеллект саласын зерттейтін зертхана қызметкерлерімен жасалды. «Jukebox» әртүрлі жанрдағы (классикалық роктан хип-хопқа дейінгі) әндердің бөліктері негізінде машиналық оқытудың терең оқыту және оқытушымен оқыту әдістері арқылы жасалған. Бұл нейрондық жүйе өзі оқыған музыканттардың стиліндегі жаңа музыка түрлерін жасап шығара алады. «Jukebox» жасанды интеллект юниті шектелген бір жанрда ғана емес, сонымен қатар әртүрлі жанрдағы музыкаларды жасай алады. Мысалы, рок, хип-хоп, джаз және т.б. Сонымен қатар бағдарлама әртүрлі инструменттерге арналған музыкамен бірге әуендейтін ритм, тембр, әуендерді де жасап шығаруға қабілетті. Бір музыканы жасап шығару үшін юнитке шамамен тоғыз сағат уақыт қажет. Жоғарыда аталған мысалдардан электронды музыканың қарқынды түрде дамып жатқанын көруге болады. Сонымен қатар қазіргі кездегі жасанды интеллект юниттерінің шығармашылық суырып салмалық қабілеттерінің бар екенін байқауға болады.

Я. Ю. Цымбалованың ойынша адаммен туындыны жасау процессін екі типке бөлуге болады:

- адамның қызметі ешқандай алгоритмге бағынбай, тек интуитивті сипатқа ие;

- адамның қызметі нақты біл алгоритм (ережелерге) сай жұмыс істейді.⁴⁶

Интуитивті сипатқа ие қызмет нені білдіреді? Кез келген шығармашылық қызмет белгілі бір алгоритмге бағынады. Автордың

⁴⁵ Ремикс Imanbek Roses выиграл премию "Грэмми" // URL: https://tengrinews.kz/world_news/remiks-imanbek-roses-vyiigral-premiyu-gremmi-431675/ Ақпарат алынған күн: 16.03.2021.

⁴⁶ Интеллектуальные права : Сб. работ выпускников РШЧП, посвящ. 90-летию Дозорцева В.А. / Сост. и отв. ред. Павлова Е.А., Ралецкая М.В. - М. : Статут, 2020. С.637.

туындыны «интуитивті» түрде жасауы, біз және де автордың өзінің де оның өзі қолданатын алгоритмге қолжетімділігінің жоқтығын білдіреді.

Қазіргі уақытта ғылыми әдебиеттерде шығармашылық ережелерден ауытқу немесе кенеттен бір нәрсені жасау қабілеті деп көрсетіледі.⁴⁷ Алайда туындыны жасау барысында кенеттік ретінде не есептелетіні және де қандай ережелерден ауытқу қажеттігі түсініксіз болып табылады. Сонымен қатар бұл тұжырымға сәйкес тікелей адамдармен белгілі бір алгоритмге сәйкес жасалған нәтижелер де шығармашылық қызмет нәтижесі ретінде танылмауы тиіс болатын еді. Алайда қазіргі таңда адамның әрекеттерінің реттілігі ретінде жасалған нәрселер шығармашылық қызмет нәтижесіне жатады. Туындыны жасау барысында адам (автор) өзінің ойымен жасалған ережелерге немесе қазіргі таңда бар алгоритмдерге сүйенуге болады. Ал бұл екі түрлі әрекеттердің нәтижесінде алынған нәрселер бірдей құқықпен қорғалады.

Қазіргі уақытта музыкалық туындыларды жасауға арналған жалпыға ортақ көптеген алгоритмдер бар. Осындай белгілі бір алгоритмдердің нәтижесінде музыкалық туындыны алуға болатын жұмыс ретінде Моцартпен жасалған «Музыкалық сүйек ойынын» (Musikalisches Würfelspiel) тануға болады.⁴⁸

Музыкалық фрагменттердің сериялары мен кестеден құралған бұл жұмыста алгоритмді қолдану арқылы музыкалық туынды жасауға болатындығы түсіндіріледі. Сонымен қатар бұл алгоритмді қолдану үшін музыка саласындағы білімнің болуы қажет емес. Ойнатылатын сүйектерді лақтырып, нәтижесін сәйкесінше кестеде жазу керек. Ол жерде әр лақтырылған ретке белгілі бір өлшем, такт, нотаның реттілігі және т.б. белгіленген. Соңында нәтижесінде алынған фрагменттер біріктіріліп жаңа дайын туындыны құрайды. Бұл алгоритмде шамамен алғанда $1,2 \times 10^9 \wedge 62$ комбинация бар. Осы комбинациялар санының ауқымды болуы бұл алгоритмді қолдану барысында бұрын соңды болмаған жаңа нәтиже алуға болатындығына кепілдік береді.⁴⁹

Демек, кез келген тұлғаға осы алгоритмді қолдану арқылы музыкалық туындыны жасауына болады. Сол ойын сүйектерін лақтырып, шыққан мәндерін жазып, фрагменттерді біріктірген тұлға музыкалық туындының авторы ретінде танылады.

«Шығармашылық» ұғымы жайлы ақылды жүйелерді жасайтын тұлғалардың не ойлайтынын қарастырып өтсек. Әлемдегі есептеуіш

⁴⁷ Сол жерде

⁴⁸ Сол жерде

⁴⁹ Интеллектуальные права : Сб. работ выпускников РШЧП, посвящ. 90-летию Дозорцева В.А. / Сост. и отв. ред. Павлова Е.А., Ралецкая М.В. - М. : Статут, 2020. С.638.

шығармашылық (computational creativity) саласындағы жақсы жұмыстардың бірі когнитивистика бойынша танымал маман Маргарет Боденге тиесілі болып табылады. Ол шығармашылықты «жаңа және құнды идеяларды жасауға қабілеттілік» деп көрсетеді. Сонымен қатар ол шығармашылықты екі топқа бөліп көрсеткен: психологиялық шығармашылық (psychological creativity) және тарихи шығармашылық (historical creativity). Психологиялық шығармашылыққа нақты жаңа идеяны ойлап тапқан адамның өзі үшін жаңа нәрсе болып табылатын идеялар жатады да (субъективті критерий), ал тарихи шығармашылыққа тек идеяны ойлап тапқан тұлғаға ғана емес, ал жалпы барлығына қатысты жаңа нәрсе болу керек (объективті критерий). А. Брайди осы Маргарет Боденнің шығармашылыққа қатысты схемасын интеллектуалдық меншік құқығымен қорғалатын нәтижелерге қатысты қолданып, тарихи шығармашылықты патенттік құқықпен қорғалатын нәтижелердің критерийлеріне сай келеді және де психологиялық шығармашылықты авторлық құқыққа сәйкес тәлтума талаптарына сай деп көрсетеді.⁵⁰ Біздің ойымызша осы схемаға И. Елеусізованың келтірген мысалын да жатқызса болады. Яғни, ол туындының негізгі құндылығы авторлық құқықпен қорғауға танылған оның сипаттау нысаны деп көрсетеді. Осыған сәйкес көптеген авторлар түрлі нысандағы бірдей көріністерді, идеяларды, фактілерді сипаттауы мүмкін және де олармен шығарылған әрбір туынды жарық көрген сәттен бастап авторлық құқықпен қорғалады (субъективті критерий). Ал өнертабыстың құндылығын анықтаған кезде шешуші себеп ретінде оның нысаны емес мазмұны алынады. Яғни, патент негізінде құқықтық қорғау өнертабыс ретінде тек бірінші тіркелген техникалық шешімге көрсетіледі (объективті критерий).⁵¹

Біздің Назарбаев университеті жанындағы Ақылды жүйелер мен жасанды интеллект институтының жасанды интеллект жүйелерін жасайтын әзірлеушілерінің арасында жүргізілген сауалнамамызға сәйкес, әзірлеушілердің 65%-ға жуығы «шығармашылық қызмет» ретінде жаңа бір тәлтума нәрсенің жасалуына бағытталған әрекеттердің жиынтығын түсінетінін көрсетті.

Сот тәжірибесіне тоқталатын болсақ жасанды интеллектпен жасалған мақалаға қатысты туындаған іске байланысты Қытай Халық Республикасы Шэньчжэнь қалалық соты 2020 жылғы 9 қаңтардағы шешімінде «Tencent Robot Dreamwriter» жасанды интеллект юнитімен жасалған мақаланы

⁵⁰ Мотовилова Д.А. Перспективы авторско-правовой защиты результатов, созданных системами искусственного интеллекта, с позиции американского права. Журнал Суда по интеллектуальным правам, № 23, март 2019 г., С. 58.

⁵¹ Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік меншік объектілерін құқықтық қорғау мәселелері : оқу құралы / И. Елеусізова ; рец. Т. Е. Каудыров. - Астана : Фолиант, 2013. - 15 б.

авторлық құқықтың объектісі ретінде танып, оны авторлық құқықпен қорғалады деп шешім шығарды.⁵² Бұл оқиғадан тәжірибеде алғаш рет жасанды интеллектпен жасалған нәтижелердің шығармашылық қызметтің нәтижесі ретінде танылғандығын көруге болады. Яғни, шығармашылық қызмет процессінің моделін кодтауға болатынын білдіреді.

Қорытындылай келсек, шығармашылық қызмет жаңа бір төлтума және бірегей нәрсенің жасалуына бағытталған процесс болып табылады. Осыған байланысты жасанды интеллект юниттері де адам сияқты шығармашылық қызметке ие болып табылады. Осының нәтижесінде жасанды интеллект юниттерімен жасалған нәрселер шығармашылық қызметтің нәтижесі болып табылады.

Бірінші бөлім бойынша қорытынды

Жоғарыда көрсетілген ғылыми еңбектер мен нормативтік құқықтық актілер мен ресми құжаттардағы «жасанды интеллект» түсінігін назарға ала отырып, «жасанды интеллекттің» келесідей белгілерге ие екендігін анықтадық:

- техникалық құрылғысының болуы (киберфизикалық жүйенің);
- ақпаратты қабылдау және оны беру қабілеттілігі;
- адамның қатысуынсыз дербес түрде жұмыс істеу қабілеттілігі;
- зерттелген деректер негізінде ақпаратты талдау, жинақтау мен интеллектуалдық шешімдерді жасауға қабілетті;
- өздігінен ақпаратты іздеу мен соның негізінде шешім қабылдау;
- өз тәжірибесі мен қателіктері негізінде үйренуге қабілетті.

«Жасанды интеллект» дегеніміз белгілі бір функциялар мен белгілі бір міндеттерді орындағанда кемінде үйрену, өздігінен үйрену, міндеттерді шығармашылық тәрізде шешу қабілеттері мен мүмкіндіктеріне ие ішінара немесе толық автономды жасанды жүйе.

Шығармашылық қызмет жаңа бір төлтума және бірегей нәрсенің жасалуына бағытталған процесс болып табылады. Осыған байланысты жасанды интеллект юниттері де адам сияқты шығармашылық қызметке ие болып табылады. Осының нәтижесінде жасанды интеллект юниттерімен жасалған нәрселер шығармашылық қызметтің нәтижесі болып табылады.

⁵² Court rules AI-written article has copyright // URL: http://english.court.gov.cn/2020-01/09/content_37531788.htm // Ақпарат алынған күн: 25.02.2021.

II. ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТПЕН НЕМЕСЕ ОНЫҢ КӨМЕГІ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІН ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМА АЯСЫНДА ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

2.1. Жасанды интеллектпен немесе оның көмегі арқылы жасалған шығармашылық қызмет нәтижелерін авторлық құқық саласында қорғау мәселелері

Біз бірінші бөлімде нақты мысалдарды келтіре отырып, жасанды интеллект юниттерінің адамдардың шығармашылығымен теңесетіндей нәтижелелер жасайтындығын көрсетіп өттік. Жасанды интеллект юниттері адамдармен жасалынады және де адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қолданылатыны бәрімізге мәлім. Алайда қазіргі таңдағы бұл юниттердегі автономдылықтың жоғары дәрежеге жетуі олармен жасалынған нәтижелердің авторы ретінде кім танылуы керек деген сұрақты тудырып отыр.

И.В. Понкин мен А.И. Редькина жасанды интеллектпен жасалатын интеллектуалдық қызмет нәтижелерін келесідей топтарға жіктейді:

- адамның тікелей басқаруы арқылы немесе адамның үлесі қосылып жасалған интеллектуалдық меншік объектілері (жасанды интеллект өзінің айтарлықтай үлесін қоса отырып, адамның туындыны жасау процессін қамтамасыз етеді);
- жасанды интеллектпен адамның көмегінсіз дербес түрде жасалатын интеллектуалдық меншік объектілері (тек бір нақты түрдегі туындыларды жасауға арналған жасанды интеллектпен жасалған объектілер және де басқа мақсаттарға арналып жасалып, алайда шығармашылық идеялары мен технологияларын өздігінен үйренген жасанды интеллектпен жасалған интеллектуалдық меншік объектілері).⁵³

Біз бұл авторлардың ойымен толығымен келісеміз. Себебі жасанды интеллект юниттерімен жасалған шығармашылық қызмет нәтижелерінің құқық субъектілерін анықтау барысында адамдардың тікелей үлесі қосылып жасалған шығармашылық қызмет нәтижелерін жасанды интеллектпен дербес түрде жасалған нәтижелерден жеке қарастыру қажет. Жасанды интеллект юнитінің көмегімен жасалған нәтижелерде адамның (жасанды интеллект юнитінің қолданушысы) шығармашылық үлесі болады да, ал жасанды интеллект юнитімен дербес түрде жасалған нәтижелерде адамның мүлдем шығармашылық үлесі қосылмайды. Жалпы

⁵³ Понкин И.В., Редькина А.И. Искусственный интеллект и право интеллектуальной собственности // Интеллектуальная собственность. авторское право и смежные права. – 2018. – № 2. – С. 35–44. – С. 37–38.

интеллектуалдық меншік құқығы тұрғысынан осы екінші топтағы нәтижелердің құқық субъектілерін анықтауға қатысты үлкен дау туындап отыр.

Алдыңғы бөлімде қарастырылған жасанды интеллект юниттерінің көпшілігі екінші топтағы нәтижелердің қатарына жатады. Яғни, адамның ешқандай үлесі қосылмай, жасанды интеллектпен дербес түрде жасалатын шығармашылық қызмет нәтижелері. Ал жасанды интеллекттің көмегі арқылы жасалған шығармашылық қызмет нәтижесіне келесі мысалды келтірсек болады. Мысалы, 2019 жылы «Яндекс» компаниясының инженерлерімен жасалған жасанды интеллект юниті орыс композиторы Кузьма Бодровқа пьеса жазуға көмектесті. Осыған байланысты Кузьма Бодров өзінің келесідей ойымен бөлісті: «Яндекс» компаниясының нейрондық жүйесі шығармашылық қызмет барысында композиторларға айтарлықтай көмек көрсете алады. Әдетте, пьесаны жаза бастағанда композитор үлкен қиыншылықтарға тап болады. Біз неден бастарымызды білмей отырамыз. Біз аккорд, интонация, бір әуеннің кішкентай бөлігін іздейміз. Және де соның қорытындысы негізінде біз әрі қарай пьесаны жазамыз. Осы бастапқыдағы интонацияларды жасанды интеллект юниттері жасай алады». Бұл жерде жасанды интеллект юниті композиторға пьесаны жазуға бастапқы идеяны ұсынғандығын, ал қалған жұмысты композитордың өзі жасағандығын көруге болады.⁵⁴ Яғни, бұл мысалдан жасанды интеллект юниті композиторға шығармашылық жұмысты жасауға бағыт бергенін, ал жұмыстың 80%-ға жуығын композитордың өз шығармашылық қызметімен жасағанын көруге болады.

Жасанды интеллектпен немесе оның көмегі арқылы жасалған шығармашылық қызмет нәтижелерін құқықпен қорғау үшін ең алдымен ондай нәтижелерді қандай мақсатта қорғау қажет екендігін анықтау керек.

Джашандипа Каураның ойынша қазіргі уақытта жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін технологиялардың қарқынды түрде дамуына байланысты бұл технологиялармен жасалған нәтижелерге қатысты авторлық құқық мәселесін көтеру орынды болып табылады. Себебі қазіргі кездегі заңнама нормалары адамнан тыс нәрсемен жасалған шығармашылықпен байланысты құндылықтарды реттемейді. Авторлық құқықтың мақсаты ғылым мен пайдалы қолөнердің дамуына ықпал ету және авторлардың рұқсатынсыз туындыларды көшірмелеу мен таратудан қорғау болып табылады.⁵⁵

Андреа Моригидің ойынша жасанды интеллектпен жасалған шығармашылық қызмет нәтижелерін құқықтық қорғау жасанды интеллект

⁵⁴ Нейросеть Яндекса помогла композитору написать пьесу для альта с оркестром. // URL: <https://hightech.fm/2019/02/22/yandex-alt>. Ақпарат алынған күн: 01.12.2020.

⁵⁵ U.S. Constitution, art. 1, sec. 8, cl. 8.

юниттері мен түрлі технологияларды дамыту саласындағы өнертапқыштар мен инвесторларды жаңа нәрселерді шығаруға ынталандыру үшін қажет.⁵⁶

Жалпы авторлық құқықпен қорғалатын және қорғалмайтын туындылардың бір-бірінен қандай айырмашылықтары бар? Интеллектуалдық қызметтің кез келген нәтижесі интеллектуалдық меншік құқығымен қорғалу қажет пе? Қазіргі таңда туындылар авторлық құқықпен қорғалу үшін әрбір мемлекеттің заңнамасына сәйкес белгілі бір критерийлерге сай болуы керек. Яғни, жасанды интеллект юниттерімен жасалған шығармашылық қызмет нәтижелері авторлық құқықпен қорғалуы үшін әрбір мемлекеттің заңнама нормаларына сәйкес нақты бір критерийлерге сай болуы тиіс.

Әдеби және көркем туындыларды қорғау жөніндегі 1886 жылғы Берн конвенциясында туындылардың авторлық құқықпен қорғалуы үшін қажетті нақты критерийлер көрсетілмеген.⁵⁷ Алайда осы Конвенцияны әзірлеу және кейін қайта қарау конференциялары барысында Конвенцияға туындыларға қатысты сонылық пен интеллектуалдық шығармашылық критерийлерін енгізу туралы ұсыныстар түскен. Алайда бұл ұсыныстар мақұлданбаған. 1948 жылғы Брюссель конференциясындағы бас баяндамашы «егер де біз әдеби және көркем туындылар туралы айтатын болсақ, біз әдебиет пен өнер саласындағы жеке-дара шығармашылық пен интеллектуалдық еңбек нәтижесі туралы айтып жатқанымызды ескеру қажетбіз» деп айтып кеткен.⁵⁸ Яғни, оның ойынша Конвенцияға нақты критерийлерді енгізудің қажетуі жоқ. Себебі әдеби және көркем туындылардың өзі шығармашылық пен интеллектуалдық еңбек нәтижесінде жасалатынын білдіреді.

Қазақстан Республикасының заңнамасындағы авторлық құқық объектілерін қорғайтын негізгі критерийлер белгілі бір шығармашылық еңбектің объективті нысанда және шығармашылық қызметтің нәтижесі болуы болып табылады. Әр критерийді жеке қарастырып өтсек.

1. Туындының объективті нысанда болуы. Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы»

⁵⁶ Moriggi A. The role of intellectual property in the intelligence explosion [Жасанды интеллекттің дамуы барысындағы интеллектуалдық меншіктің ролі] / 4iP Council Research Award Winner 2017 (Second Place) // URL: http://www.4ipcouncil.com/application/files/9615/1638/1031/The_Role_of_Intellectual_Property_in_the_Intelligence_Explosion.pdf. – 13 p. – P. 12. Ақпарат алынған күн: 02.12.2020.

⁵⁷ Бернская конвенция об охране литературных и художественных произведений: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z980000297>. Ақпарат алынған күн: 01.02.2021.

⁵⁸ Интеллектуальные права : Сб. работ выпускников РШЧП, посвящ. 90-летию Дозорцева В.А. / Сост. и отв. ред. Павлова Е.А., Ралецкая М.В. - М. : Статут, 2020. С.631.

заңының 6-бабы 1- тармағына сәйкес авторлық құқық белгілі бір объективті түрге ие болған туындыларға қолданылады.⁵⁹ В. Я. Ионастың ойынша туындының объективті түрде болуы сол туындының авторы емес тұлғаларға онымен танысуға мүмкіндік беретін нысанда болуын білдіреді. Сонымен қатар авторлық құқық туындының мазмұнын емес нақты нысанын қорғайды.⁶⁰ Яғни, нақты бір идея ол объективті түрге айналмағанынша авторлық құқықпен қорғалмайды. Егер де алдыңғы бөлімде қарастырылған жасанды интеллект юниттерін қарастыратын болсақ, олармен жасалған нәтижелердің нақты объективті нысанда бола алатынын көруге болады. Осыған байланысты жасанды интеллектпен жасалған нәрселер бұл критерийге сай келеді.

2. Шығармашылық қызметтің нәтижесі болуы. Алдыңғы бөлімде айтылғандай қазіргі таңда «шығармашылық» немесе «шығармашылық қызмет» ұғымдарының анықтамасы нормативтік құқықтық актілерде көрсетілмеген. Сонымен қатар қазіргі уақытта тәжірибе жүзінде де «шығармашылық қызмет» ұғымына қатысты бірыңғай түсінік қалыптаспаған. Алдыңғы бөлімде біз жасанды интеллект юниттерімен жасалған нәтижелерді шығармашылық қызметтің нәтижесі ретінде танымыз деген қорытындыға келдік. Демек, жасанды интеллект юниттерімен жасалып жатқан нәрселер бұл екінші критерийімізге де сай келеді.

Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңының 2-бабы 1-тармағына сәйкес «автор болып шығармашылық еңбегімен ғылым, әдебиет, өнер туындысын жасаған жеке тұлға» есептеледі. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 961-бабы 1-тармағына сәйкес интеллектуалдық меншік құқығының объектілеріне интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелері жатады.⁶¹

Алайда жоғарыда аталғандай Қазақстан Республикасының интеллектуалдық меншік саласындағы заңнамасында «шығармашылық» немесе «шығармашылық қызмет» деген ұғымдардың анықтамасы жоқ. Ал заң нормаларына сәйкес автор ретінде тек жеке тұлға танылады. Сонымен қатар заңда көрсетілгендей «шығармашылық еңбегімен» жасаған жеке тұлға автор ретінде танылады. Демек, адам туындының авторы болып танылу үшін өзінің шығармашылық үлесін қосу керек. Алайда қазіргі

⁵⁹ «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы №6-І заңы.// URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z960000006_. URL: Ақпарат алынған күн: 20.02.2021.

⁶⁰ Ионас В.Я. Критерий творчества в авторском праве и судебной прак-тике. М.: Юридическая литература, 1963. С. 23-25.

⁶¹ Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім) Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Кодексі. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_ / Ақпарат алынған күн: 20.02.2021.

кездегі жасанды интеллект юниттерімен дербес түрде жасалып жатқан туындыларда оның қолданушысының ешқандай шығармашылық үлес қоспайтындығын көруге болады. Сол себепті жасанды интеллектпен жасалған нәтижелерді қазіргі уақыттағы заңнама нормаларына сәйкес авторлық құқық объектілері деп қарастыра алмаймыз. Біздің ойымызша бұл нәтижелер авторлық құқықтың объектілері қатарына қосылу керек. Себебі егер де бұндай нәтижелер интеллектуалдық меншік құқығымен қорғалмаса, онда бұндай жасанды интеллект юниттерін ешкімнің сатып алуға ынтасы болмайды. Сәйкесінше бұның әсерінен шығармашылық қызмет нәтижелерін жасауға арналған жасанды интеллект юниттерін әзірлеушілер жасамауы мүмкін. Бұл өз кезегінде шығармашылық міндеттерді орындауға бағытталған технологиялардың дамуын баяулатуға септігін тигізуі мүмкін.

Ресей Федерациясының интеллектуалдық меншік саласындағы заңнама нормалары Қазақстан Республикасының заң нормаларына ұқсас болып келеді. Ресей Федерациясының Азаматтық кодексі (әрі қарай – РФ АҚ) 1259-бабының 3-тармағына сәйкес авторлық құқықпен белгілі бір объективті нысандағы және шығармашылық қызметпен жасалған туынды қорғалады. Сонымен қатар РФ АҚ-нің 1257-бабына сәйкес автор ретінде шығармашылық еңбегімен ғылым, әдебиет, өнер туындысын жасаған азамат танылады.⁶² Ресей Федерациясының интеллектуалдық меншік құқығы саласындағы заңнама нормаларына сәйкес туындының авторлық құқықпен қорғалуы үшін қажет критерийлер Қазақстан Республикасының заң нормаларымен тұспа-тұс келеді. Алайда Қазақстан Республикасының ешбір заңында «жасанды интеллект» ұғымының анықтамасы берілмеген. Ал Ресей Федерациясы Президентінің 2019 жылғы 10 қазандағы «Ресей Федерациясында жасанды интеллектті дамыту туралы» Жарлығына сәйкес «жасанды интеллект» болып адамның когнитивті функцияларына еліктей алатын (өздігінен үйрену мен алдын ала алгоритмсіз шешімдерді табуды қоса алғанда) және белгілі бір міндеттерді орындағанда кем дегенде адамның интеллектуалдық қызметінің нәтижесінде алынатын нәтижелерді жасай алатын технологиялық шешімдер жиынтығы.⁶³ Яғни, Ресей Федерациясының заңында «жасанды интеллект» ұғымына берілген анықтамаға сәйкес жасанды интеллект юниттері адамның интеллектуалдық

⁶² Ресей Федерациясының Азаматтық кодексі.// URL: http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_5142/f7871578ce9b026c450f64790704bd48c7d94bcb/. Ақпарат алынған күн: 20.02.2021.

⁶³ Указ Президента Российской Федерации от 10 октября 2019 года «О развитии искусственного интеллекта в Российской Федерации»// URL: http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_335184/. Ақпарат алынған күн: 20.02.2020.

қызметінің нәтижесінде алуға болатын нәтижелерге теңбе-тең келетін нәтижелер жасауға қабілетті екенін түсінуге болады.

Америка құрама штаттарының авторлық құқық туралы заңына сәйкес авторлық құқықпен кез келген материалды нысандағы құралда (in any tangible medium of expression) бекітілген (fixed) төлтума туындылар қорғалады.⁶⁴ Сонымен қатар АҚШ-тың авторлық құқық туралы заңына сәйкес авторлық құқықпен идеялар қорғалмайды.⁶⁵ Яғни, АҚШ-тың да заңнамасына сәйкес идея Қазақстан Республикасындағыдай нақты бір нысанға айналмайынша авторлық құқықпен қорғалмайды.

Жасанды интеллект юниттерімен жасалған нәтижелер төлтумалық және нақты бір түрдегі нысанда болу сияқты критерийлерге сай болғанымен, АҚШ заңнама нормаларына сәйкес туынды авторлық құқықпен қорғалуы үшін үшінші авторлық деген критерийге сай болуы тиіс. АҚШ-тың авторлық құқық туралы заңында «автор» ұғымының нақты анықтамасы көрсетілмеген. Алайда олардың сот тәжірибесін қарастыратын болсақ, туындының авторы ретінде тек жеке тұлға таныла алады. Америка құрама штаттарының сот тәжірибесінде адаммен жасалмаған туындыға қатысты бірнеше сот тәжірибесі бар. Ол сот істері шешімдерінің барлығында туындының авторы ретінде тек адам таныла алады деп көрсетілген (Naruto v. David Slater, Urantia Found. v. Maaherra, Penguin Books U.S.A., Inc. v. New Christian Church of Full Endeavor).⁶⁶

Сонымен қатар 2017 жылы Америка құрама штаттарының Авторлық құқық бойынша бюросымен жасалған Компендиум жарыққа шыққан болатын. Осы құжаттың 306 секциясында тек адамның шығармашылығымен жасалған объектілер авторлық құқықпен қорғалады деп көрсетілген. Яғни, онда туынды тек адам санасының шығармашылық күшімен пайда болады деп көрсетілген. Құжаттың 313.2 секциясында адамның қатысуынсыз тек автоматты түрде механикалық процесс негізінде жасалған жұмыстардың тіркелмейтіндігі көрсетілген.⁶⁷

⁶⁴ Act for the general revision of the Copyright Law, title 17 of the United States Code, and for other purposes. Авторлық құқыққа қатысты ережелер 17 титулда (The Code of Laws of the United States of America) –

⁶⁵ U.S. Code § 102(b).

⁶⁶ .S. Court of Appeal Ninth Circuit June 10, 1997, Urantia Foundation v. Maaherra, 114 F.3d 955, 963-64.

33Penguin Books U.S.A., Inc. v. New Christian Church of Full Endeavor, Ltd., No. 96 Civ. 4126, 2000 U.S. Dist. LEXIS 10394 (S.D.N.Y. July 21, 2000)., Naruto, at al. v. David John Slater, et al., No. 15-cv-04324-WHO.

⁶⁷ Compendium of U.S. Copyright Office Practices // Library of Congress : [site]. 2017. URL: <https://www.copyright.gov/comp3/> Ақпарат алынған күн: 31.03.2020..

Австралияның сот тәжірибесіне тоқталатын болсақ, олардың шешімдеріне сәйкес жасанды интеллект юниттерімен жасалған нәтижелерге авторлық құқықтың механизмін қолдану мүмкін емес деп көрсетіледі. Австралияның Жоғарғы соты мен Федеральды соты бұндай нәтижелерді олардың өзіндік ерекшелігі болғанда ғана авторлық құқықпен қорғалатынын түсіндіреді. Сонымен қатар егер нақты бір жұмысты жасаған тұлға немесе тұлғаларды анықтау мүмкін болмаған кезде ол жұмыс өзіндік ерекшелікке ие бола алмайды деп көрсетеледі. Және де жұмысты жасаған тұлғаларды анықтау мүмкін болғанымен, келесі жағдайларда ол объекті өзіндік ерекшелікке ие емес болып табылады:

- белгілі бір адамдардың интеллектуалды қызметімен жасалмаса;
- объективті нысанда болмаса;
- машинамен жасалғандығы үшін адам автор бола алмаса.⁶⁸

Біріккен корольдіктердің 1988 жылғы «Авторлық құқық, дизайн және патент туралы» заңына сәйкес туынды авторлық құқықпен қорғалуы үшін осы заңда көрсетілген туындылар түрлерінің бірі болуы қажет және белгілі бір критерийлерге сай болуы тиіс. Заң нормаларына сәйкес туындылар келесідей критерийлерге сай болу керек: туынды материалды нысанда болуы және де төлтума болуы керек.⁶⁹ Біріккен корольдіктердің авторлық құқық саласындағы заңының көптеген мемлекеттерден өзгешелігі онда «компьютермен жасалған туындылар» (computer generated work) деген жеке туынды түрінің болуы болып табылады. 1988 жылғы «Авторлық құқық, дизайн және патент туралы» заңына сәйкес «компьютермен жасалған туынды» болып «туындының авторы адам болмаған жағдайда компьютермен жасалған туынды» болып табылады. Ал компьютер арқылы жасалған әдеби, драмалық, музыкалық немесе бейнелеу өнері туындыларының авторы ретінде «туындының жасалуына барлық қажетті іс-шараларды атқарған тұлға танылады». Компьютермен жасалған туындыларға айрықша құқықтар мерзімі авторлық құқық объектілерінің басқа түрлерімен салыстырғанда қысқарақ мерзімге беріледі. Яғни, дәстүрлі жолмен жасалған туындыларға айрықша құқық мерзімі автордың өмірі бойы және өлгеннен кейін 70 жылды құраса, компьютермен жасалған

⁶⁸ Австралия жоғарғы сотының шешімі 2009 жылғы 22 сәуір «IceTV Pty Limited v Nine Network Australia Pty Limited». URL: eresources.hcourt.gov.au/showCase/2009/HCA/14; Австралия федералдық сотының шешімі 2012 жылғы 2 наурыз «Acohs Pty Ltd v Ucorp Pty Ltd 1» // URL: <http://www8.austlii.edu.au/cgi-bin/viewdoc/au/cases/cth/FCAFC/2012/16.html> Ақпарат алынған күн: 20.01.2021.

⁶⁹ Copyright, Designs and Patents Act (CDPA) URL: <https://www.legislation.gov.uk/ukpga/1988/48/contents> // Ақпарат алынған күн: 20.01.2021.

туындыларға 50 жылды құрайды.⁷⁰ Сонымен қатар компьютермен жасалған туындыларға авторлыққа құқық, туындыға қол сұғылмаушылық құқықтары берілмейді. Жалпы Біріккен корольдіктердің заңнамасында «компьютермен жасалған туынды» деген ұғымның енгізілуі адамның шығармашылығынсыз жасалған туындыларды да авторлық құқықпен қорғауға жатқызу үшін енгізілген болып табылады. Алайда жасанды интеллектпен немесе оның көмегі арқылы жасалған шығармашылық қызмет нәтижелерінің құқық субъектілері кім танылатындығы әр жағдайда әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, жасанды интеллекттің көмегі арқылы жасалған туынды толығымен адамның шығармашылығымен жасалмайды. Ондай жұмыстардың 50%-ға жуығы жасанды интеллект юнитімен, ал қалған 50%-ы жасанды интеллект юнитінің қолданушысымен жасалса, «туындының жасалуына барлық қажетті іс-шараларды атқарған тұлға» ретінде жасанды интеллект юнитінің әзірлеушісі ме әлде жасанды интеллект қолданушысы танылады ма? Сонымен қатар бұл заң нормасына сәйкес тек компьютерге арналған жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін бағдарламалармен жасалған туындыларды жатқызуға болады. Ал жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін роботтар немесе басқа да технология түрлерімен жасалған туындылар сонда қорғауға жатпайды ма деген сұрақ туындайды.

Қытай Халықтық Республикасының «Авторлық құқық туралы» заңының 11-бабына сәйкес туындының авторы болып сол туындыны жасаған азамат танылады. Егер де туынды белгілі бір заңды тұлға немесе ұйымның мақсаты, бақылауы және де жауапкершілігімен жасалса, онда ол туындының авторы ретінде сол заңды тұлға немесе ұйым танылады.⁷¹

Ал алдыңғы бөлімде көрсетілген сот тәжірибесіне тоқталатын болсақ, жасанды интеллектпен жасалған мақалаға қатысты туындаған іске байланысты Қытай Халық Республикасы Шэньчжэнь қалалық соты 2020 жылғы 9 қаңтардағы шешімінде «Tencent Robot Dreamwriter» жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін жүйемен жасалған мақаланы авторлық құқықтың объектісі ретінде танып, оны авторлық құқықпен қорғалады деп шешім шығарды.⁷² Бұл оқиғадан тәжірибеде алғаш рет жасанды интеллектпен жасалған нәтижелердің авторлық құқықтың объектісі

⁷⁰ Сол жерде

⁷¹ Қытай Халықтық Республикасының «Авторлық құқық туралы» заңы (2010年2月26日, 中华人民共和国著作权法 (根据中华人民共和国主席令第26号2010年2月26日全国人民代表大会常务委员会《关于修改〈中华人民共和国著作权法〉的决定》修正). URL: <https://wipolex.wipo.int/ru/legislation/details/6062>. Ақпарат алынған күн: 20.01.2021.

⁷² Court rules AI-written article has copyright // URL: http://english.court.gov.cn/2020-01/09/content_37531788.htm // Ақпарат алынған күн: 25.02.2021.

ретінде танылғандығын көруге болады. Алайда бұл оқиға олардың заңнамасының ерекшелігіне байланысты болды десек болады. Себебі мақаланы «Tencent» компаниясымен жасалған «Dreamwriter» жасанды интеллект юниті жасап шығарған. Кейін «Tencent» компаниясы өздерінің ресми сайттарына осы мақаланы салып, онда бұл мақаланың роботпен автоматты түрде жасалған екендігін көрсеткен. «Shanghai Yingxun Technology Company» компаниясы бұл мақала роботпен жасалғандығына байланысты, ол жұмыстың авторы жоқ деп түсініп, өздерінің сайттарына рұқсатсыз салған. Алайда Шэньчжэнь қалалық соты «Yingxun» компаниясының тарапынан авторлық құқықтың бұзылғандығын анықтады. Соттың ойынша мақаланың нысаны жазбаша жұмыстың талаптарына сай келеді, мақаланың құрылымы ақылға қонымды етіп жазылған, логикасы дұрыс, сонымен қатар жұмыстың өзінде бірегейлік бар деп көрсетілген. Осы себептерге байланысты жасанды интеллект юнитімен жасалған мақала авторлық құқықпен қорғалады деп шешім шығарған. Сонымен қатар, жасанды интеллект юниті «Tencent» компаниясымен жасалып, соларға тиесілі болғандықтан және де осы мақала «Tencent» компаниясының бақылауы мен жауапкершілігі негізінде жасалғандығы үшін авторлық құқықтар осы компанияға тиесілі болады делінген.⁷³ Мысалы, тура осындай жағдай белгілі бір заңды тұлға емес, жеке тұлғаға қатысты орын алғанда сот қандай шешім шығарар еді деген сұрақ туындайды. Себебі ҚХР-дың заңына сәйкес заңды тұлға да автор ретінде таныла алады. Және де бұл оқиғада жасанды интеллект юниті «Tencent» компаниясының өзімен жасалған. Яғни, мақаланың өзі авторлық құқықтың объектілеріне сай болды және де мақала «Tencent» компаниясының бақылауы мен жауапкершілігі негізінде жасалғандығы үшін автор ретінде сол компанияның өзі танылды. Америка құрама штаттарының сот тәжірибесімен салыстырғанда Қытай Халықтық Республикасының сот тәжірибесі адамның шығармашылығынсыз жасалған туындыны авторлық құқықтың объектісі ретінде тануы жасанды интеллект юниттерімен жасалған туындыларды құқықтық қорғауға жаңа үрдіс бергенін көруге болады.

Егер жасанды интеллект юнитінің қызметін адам интеллектісінің негізінде жұмыс істемегеніне байланысты шығармашылық қызмет ретінде есептемесек, онда авторлық құқықтың тарапынан туындап жатқан мәселелер жасанды интеллект авторлық құқықтың субъектісі болмағандығы үшін шешіледі десек болады. Ал бір жағынан қарасақ туындап отырған мәселелердің барлығы жасанды интеллектті құқық субъектісі ретінде таныған жағдайда ғана шешілетін көрінеді.

⁷³ Сол жерде

Қазіргі таңда жасанды интеллектпен немесе оның көмегі арқылы жасалған шығармашылық қызмет нәтижелерінің құқық субъектілерін анықтау барысында осы салада зерттеу жүргізген авторлар бірнеше нұсқаны қарастырады. Олардың ішінде ең көп қарастырылып жатқандары келесілер болып табылады:

- жасанды интеллектпен жасалған шығармашылық қызмет нәтижелеріне құқықты жасанды интеллекттің өзіне беру (жасанды интеллектті дербес құқық субъектісі ретінде тану);
- жасанды интеллектпен жасалған шығармашылық қызмет нәтижелеріне құқықты жасанды интеллект юнитінің әзірлеушісіне беру;
- жасанды интеллектпен жасалған шығармашылық қызмет нәтижелеріне құқықты жасанды интеллект юнитінің қолданушысына беру;
- жасанды интеллектпен жасалған шығармашылық қызмет нәтижелеріне құқықты жасанды интеллект әзірлеушісі мен қолданушысына беру (бірлескен автор);
- жасанды интеллектпен жасалған шығармашылық қызмет нәтижелерінің авторы мен құқық иеленушісінің жоқтығы.

Қазіргі таңда Еуропалық одақта жасанды интеллект юниттеріне әрекетқабілеттілік беру туралы және де соған орай «техникалық тұлға» деген жаңа құқықтық категория енгізу ұсынылып жатыр.⁷⁴ Бұл ұсыныстар жасанды интеллектпен келтірілген залалдар үшін туындайтын құқықтық жауапкершілік мәселелерін шешуге бағытталған. Алайда жасанды интеллектті қалайша құқықтық жауапкершілікке тартады? Мысалы, жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін автокөлік жаяу жүргіншіні қағып кетіп, ол тұлғаның денсаулығына орташа деңгейде залал келтірді делік. Осы жағдайда жасанды интеллектті қалайша құқықтық жауапкершілікке тартасын? Бұл жағдайдан жасанды интеллектті құқық субъектісі ретінде тану мүмкін емес екендігін көруге болады

Біріншіден, жасанды интеллект өзі жасаған объектілеріне қатысты өз құқықтарын қалайша жүзеге асырады? Қазіргі таңда суреттерді өздігінен автоматты түрде жасай алатын және де өлеңдер, музыкалар шығара алатын юниттер саны артып жатыр. Алайда өздігінен сол жасаған жұмыстарын иелене, пайдалана немесе билік ете алатын жасанды интеллект юниттері жоқ.

Екіншіден, жасанды интеллекттің өзінің жеке мүдделері жоқ. Яғни, олар адамдармен нақты бір мақсат және де сол адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жасалады. Сәйкесінше жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін технологияны сатып алатын тұлға оны өзінің

⁷⁴ Робоправо // [Электрондық ресурc]. URL: http://robopravo.ru/riezoliutsiia_ies/
Ақпарат алынған күн: 15.01.2021.

қажеттіліктерін шешу үшін сатып алады. Қазіргі таңда туындап отырған мәселені шешу үшін жасанды интеллектті құқық субъектісі ретінде тани салған дұрыс емес шешім болып табылады. Яғни, бұндай юниттер адамның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жасалғандықтан бұл жағдайларда адамдардың мүдделері қорғалу қажет.

Жасанды интеллекті дербес құқық субъектісі ретінде тануға қарсы кейбір авторлардың ойынша жасанды интеллектпен жасалған шығармашылық қызмет нәтижелерінің авторы ретінде жасанды интеллекттің әзірлеушісі танылуы қажет. Бұл бағытты қолдайтын кейбір авторлардың аргументтері әзірлеушімен жасалған жасанды интеллектпен болашақта жасалатын нәтижелер сол әзірлеушінің шығармашылық қызметімен тікелей байланысты екенін көрсетеді. Ал бір авторлардың ойынша жасанды интеллектті жасаған адам оны жасауға интеллектуалдық еңбегін қосқан жалғыз тұлға болып табылады, ал сол жасанды интеллектпен жасалған нәтижелерге құқықты сол тұлғаға беру оны болашақта тағы да сондай нәтижелер жасай алатын технологияны жасауға ынталандырады.⁷⁵ Расымен де әзірлеуші жасаған жасанды интеллект болмаса, сол жасанды интеллектпен жасалатын шығармашылық қызмет нәтижелері де болмас еді.

А. Дж. Вудың ойынша жасанды интеллектпен жасалған туындыға авторлық құқық болжамды түрде жалған автор категориясын енгізу арқылы жасанды интеллекттің әзірлеушісіне тиесілі болу қажет және де соның нәтижесінде жасанды интеллектпен жасалған туындыларды авторлық құқықпен қорғауға жататын объектілер қатарына жатқызуға болады.⁷⁶

Я.Ю. Цымбалованың ойынша әзірлеуші жасанды интеллектпен жасалатын нәтижелер үшін жағдай жасайды да, сол жасанды интеллектпен жасалған туындыны жасамайды. Сонымен қатар бұл автор жасанды интеллектті компьютерге арналған бағдарламамен теңестіре отырып, туындылар жасауға арналған жасанды интеллект юниттерін тек көмекші құрал ретінде қарастырған.⁷⁷ Біз оның ойымен ішінара келіспейміз. Себебі сурет салуға арналған компьютерлік бағдарламамен (бағдарламадағы құралдар арқылы) адамның өзі суретті салуы мен жасанды интеллект

⁷⁵ Интеллектуальные права : Сб. работ выпускников РШЧП, посвящ. 90-летию Дозорцева В.А. / Сост. и отв. ред. Павлова Е.А., Ралецкая М.В. - М. : Статут, 2020. С.652.

⁷⁶ Сесицкий Е.П. Проблемы правовой охраны результатов, создаваемых системами искусственного интеллекта. // Диссертация на соискание ученой степени к.ю.н// Российская государственная академия интеллектуальной собственности» (РГАИС). — Москва, 2019., 139 С.

⁷⁷ Сол жерде

юнитінде жай бір батырманы бір рет баса салу арқылы алынған нәтижелер екі бөлек қарастырылуы керек. Себебі бірінші жағдайда адам суретті өзінің қиялы негізінде салады да, ал екінші жағдайда ол жай тек батырманы баса салады.

Жасанды интеллектпен дербес түрде жасалған шығармашылық қызмет нәтижелерінің авторы ретінде сол жасанды интеллекттің әзірлеушісін тану біршама мәселені тудырады. Яғни, жасанды интеллекттің әзірлеушісі сол жасанды интеллектпен жасалатын туындылар жайлы қайдан білуі мүмкін. Себебі әзірлеуші жасанды интеллект юнитін басқа тұлғаға сатқаннан кейін онымен жасалып жатқан туындылар жайлы хабары болмауы мүмкін. Заң жүзінде жасанды интеллектпен дербес түрде жасалған шығармашылық қызмет нәтижелерінің авторы ретінде әзірлеушіні танығанымен, мысалы, сол жасанды интеллектті сатып алған оның қолданушысы сол жасанды интеллектпен дербес түрде жасалған туындыларды әзірлеушіге ескертпей, өзінің туындысы ретінде көрсетіп жүруі мүмкін. Сонымен қатар әзірлеуші жасанды интеллект юнитімен сонында нақты қандай туындылар жасалатынын да білмейді.

Жасанды интеллектті дербес құқық субъектісі ретінде тануға қарсы авторлардың кейбіреулері жасанды интеллектпен жасалған шығармашылық қызмет нәтижелерінің авторы ретінде жасанды интеллекттің қолданушысын тануды ұсынады.⁷⁸ Біз жасанды интеллектпен жасалатын нәтижелерді екіге бөліп қарастырдық. Яғни, бірінші топта жасанды интеллекттің көмегі арналған жасалған және де екінші топта жасанды интеллектпен дербес түрде жасалған шығармашылық қызмет нәтижелері. Біздің ойымызша жасанды интеллекттің көмегі арқылы жасалған туындылардың авторы ретінде қолданушыны тану орынды болып табылады. Себебі бұл жағдайда туындыны жасауға қолданушының тікелей шығармашылық үлесі қосылады. Сонымен қатар, әртүрлі туындыларды жасауға арналған жасанды интеллект юнитін оның қолданушысы өзінің шығармашылық жұмысын жасауға көмегін тигізу мақсатында сатып алады. Мысалы, жоғарыда аталған 2019 жылы «Яндекс» компаниясының инженерлерімен жасалған жасанды интеллект юниті орыс композиторы Кузьма Бодровқа пьеса жазуға көмектесті. Бұл жағдайда жасанды интеллект юниті композиторға пьесаны жазуға көмекші құрал ретінде көмек көрсетті десек болады. Яғни, бұндай туындыларды жасауға қолданушының нақты түрде шығармашылық үлесі қосылады.

⁷⁸ Сесицкий Е.П. Проблемы правовой охраны результатов, создаваемых системами искусственного интеллекта. // Диссертация на соискание ученой степени к.ю.н// Российская государственная академия интеллектуальной собственности» (РГАИС). — Москва, 2019. С.145.

Ал жасанды интеллектпен дербес түрде жасалатын туындылардың авторы ретінде сол жасанды интеллекттің қолданушысын тану біршама қиындықтарды тудырады. Себебі тек механикалық әрекеттерді жасаған адамды туындының авторы ретінде тануға болады ма? Жасанды интеллектпен дербес түрде жасалған туындылардың авторы ретінде қолданушыны танудың бірнеше себебі бар десе болады. Мысалы, қолданушы жасанды интеллекттің әзірлеушісіне лицензия немесе сатып алу-сату шартына сәйкес сол жасанды интеллект юнитін қолдану үшін төлем жүргізеді. Яғни, қолданушы нақты бір түрдегі туындылар түрін жасау мақсатында сол жасанды интеллект юнитін өзіне сатып алады. Сол қымбат сомаға сатып алған жасанды интеллектпен жасалған туындыларға құқықты жасанды интеллекттің әзірлеушісіне беру бір жағынан қолданушының тарапына қатысты әділетсіз болып табылады. Сонымен қатар қолданушыларда шығармашылық қызмет нәтижелерін жасайтын жасанды интеллект юниттерін сатып алуға ынталары да болмайды. Ал егер де ақысыз қолдануға болатын жасанды интеллект юниттері бар деп қарастырсақ, онда бұл жағдайда қолданушының ешбір шығармашылық үлесі қосылмай туынды жасалған жағдайда, ол туындыға құқықты жасанды интеллекттің әзірлеушісіне беру әділетті болып табылады.

Осы салада зерттеу жүргізген кейбір авторлардың ойынша жасанды интеллектпен жасалған туындының авторы ретінде жасанды интеллекттің әзірлеушісі мен қолданушысы да танылуы қажет (тең авторлық).⁷⁹ Алайда заң нормасына сәйкес тең авторлыққа сәйкес туынды екі тұлғаның бірлескен шығармашылық еңбегімен жасалу қажет.⁸⁰ Ал бұл жағдайда жасанды интеллект әзірлеушісі мен қолданушысы бір-бірін білмеуі де мүмкін.

Энди Вудың ойынша нақты сол туынды жасанды интеллектпен жасалған уақытта олардың тек біреуі ғана туынды туралы білуі мүмкін.⁸¹ Осы бағытты ұстанатын авторлар тең авторлықты егер де жасанды интеллект әзірлеушісі мен қолданушысы бастапқыдан бірігіп, нақты бір туынды түрін жасауға мақсат қойса ғана жүзеге асыру мүмкін болып

⁷⁹ Picture Music, Inc. v. Bourne, Inc., 314 F. Supp. 640 (S.D.N.Y. 1970). URL: <https://law.justia.com/cases/federal/district-courts/FSupp/314/640/1472523/>. Ақпарат алынған күн: 15.01.2021.

⁸⁰ Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңы (10-бап) URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z960000006>. Ақпарат алынған күн: 15.03.2021.

⁸¹ Сол жерде

табылады.⁸² Мысалы, әзірлеуші кез келген автордың стиліндегі әдеби туындыларды жасайтын жасанды интеллектті жасайды, ал қолданушы нақты бір автордың жұмыстарын жасанды интеллект юнитіне енгізеді де, содан жасалған туындыны алып, оны әрі қарай өңдеп, туындының соңғы нұсқасын жасап шығарады. Бұл автормен келтірілген мысалға сәйкес туындыны тең авторлықпен жасалды деп айтуға болмайды деп ойлаймыз. Себебі бұл жерде әзірлеуші өзі жасаған жасанды интеллект юнитіне (жасанды интеллект негізінде істейтін бағдарламаға) авторлық құқыққа ие болса, ал қолданушы өзі сол жасанды интеллект юнитімен жасалған туындыны әрі қарай өз шығармашылық үлесін қоса отырып өңдегені үшін сол туындыға авторлық құқық қолданушыға тиесілі болу керек.

Жасанды интеллектпен жасалған туындылардың авторын анықтау қиыншылықтарды тудырып жатқанына байланысты, осы салада зерттеу жүргізген авторлардың кейбіреулері бұндай туындыларды қоғамдық игілікке айналған туындылар қатарына жатқызуды ұсынады.⁸³ Біз бұл бағытты ұстанатын авторлардың ойын құптамаймыз. Себебі жасанды интеллектпен жасалған туындының авторы ретінде бір ауыздан әзірлеушіні, қолданушыны немесе жасанды интеллекттің өзін тани алмау – бұндай туындының мүлдем авторы жоқтығын білдірмейді. Сонымен қатар, егер де жасанды интеллектпен немесе оның көмегі арқылы жасалған туындыларды қоғамдық игілікке айналған туындылар қатарына жатқызған жағдайда, шығармашылық қызмет нәтижелерін жасайтын жасанды интеллект юниттерінің әзірлеушілерінің бұндай юниттерді жасауға және де қолданушылардың бұндай юниттерді сатып алуға уәждемелері болмайды десе де болады. Себебі ҚР-дың «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңының 29-бабы 3-тармағына сәйкес қоғамдық игілікке айналған туындыларды кез-келген адам авторлық сыйақы төлемей еркін пайдалана алады. Сәйкесінше бұның әсерінен шығармашылық қызметтерді жасауға көмектесетін жасанды интеллект юниттерін жасау үдерісі тоқтап қалуы мүмкін.

Қорытындылай келсек, Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттерінің интеллектуалдық меншік құқығы саласындағы заңдарын зерттей келе қазіргі таңда жасанды интеллект ешбір мемлекеттің заңнамасына сәйкес туындының авторы бола алмайтынын көруге болады. Қазіргі таңда жасанды интеллектті дербес құқық субъектісі ретінде

⁸² Wu A.J. From video games to artificial intelligence: assigning copyright ownership to works generated by increasingly sophisticated computer programs // AIPLA QJ25, 2017. P. 175-176.

⁸³ Интеллектуальные права : Сб. работ выпускников РШЧП, посвящ. 90-летию Дозорцева В.А. / Сост. и отв. ред. Павлова Е.А., Ралецкая М.В. - М. : Статут, 2020. С.652.

танудың қажеті жоқ. Қарастырылған шет мемлекеттерінің қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес жасанды интеллектпен жасалған шығармашылық қызмет нәтижелеріне авторлық құқық объектілеріне қажет критерийлер тән екенін көруге болады. Бүгінгі күні жасанды интеллектпен жасалған туындылардың құқық субъектілерін анықтау басты мәселелердің бірі болып табылады. Болашақта интеллектуалдық меншік құқығы саласындағы заңнамаға жасанды интеллектпен жасалатын нәтижелерге қатысты өзгеріс енгізетін жағдайда, жасанды интеллекттің көмегімен және де жасанды интеллектпен дербес түрде жасалған туындыларды жеке дара қарастыру қажет. Біздің ойымызша А. Дж. Вудың ойына сәйкес жалған авторлық категориясы арқылы жасанды интеллектпен жасалатын туындыларға авторлық құқық жасанды интеллект әзірлеушісі мен қолданушысына тиесілі болу қажет. Жасанды интеллектпен жасалған шығармашылық қызмет нәтижелерінің құқық субъектілерін анықтау үшін жүргізілген зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес бұндай нәтижелердің авторы ретінде тек жасанды интеллект юнитінің әзірлеушісі мен оның қолданушысын таныған дұрыс болып табылады. Яғни, жасанды интеллекттің көмегімен жасалған туындылардың авторы ретінде жасанды интеллект қолданушысын тану қажет, ал жасанды интеллектпен дербес түрде жасалған туындылардың авторы ретінде (қолданушы жасанды интеллект әзірлеушісімен лицензиялық шартқа сәйкес лицензиат болуын қоспағанда) жасанды интеллект юнитінің әзірлеушісі танылу қажет.

2.2. Жасанды интеллектпен немесе оның көмегі арқылы жасалған шығармашылық нәтижелерін патенттік құқық саласында қорғау мәселелері

Қазіргі уақытта жасанды интеллект юниттерімен жасалған нәтижелердің көпшілігі авторлық құқықтың объектілеріне сәйкес болып келеді. Сонымен қатар бүгінгі күні кейбір зерттеу жұмыстары жасанды интеллект юниттерінің патенттік құқық саласындағы шығармашылығына да арналады. П.М. Морхаттың ойынша жасанды интеллект юниттеріне қатысты патенттік құқық тұрғысынан туындап жатқан мәселелер авторлық құқықпен салыстырғанда төменірек деңгейде зерттелген.⁸⁴ Біз жасанды интеллект юниттеріне қатысты патенттік құқық тұрғысынан туындап жатқан мәселелерді зерттеу барысында бұл салаға қатысты жазылған

⁸⁴ Морхат П.М. Проблемы патентования изобретений, созданных юнитом искусственного интеллекта // Закон и право. 2018. №8. С. 40-43. С. 41

ғылыми еңбектер санының аз екенін байқадық. Шетелдік ғалымдармен жазылған еңбектердің көпшілігі авторлық құқық тұрғысынан туындап жатқан мәселелерді зерттеген.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес патенттік құқықтың объектілері интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне жатады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне өнертабыс, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер жатады.⁸⁵ Сонымен қатар олардың қатарына селекциялық жетістіктер, интегралдық микротәсім топологиялары, тауар таңбалары, тауар шығарылатын жерлердің атаулары да кіреді.⁸⁶

Жалпы патенттік құқықта шығармашылықтың алатын орны қандай болып табылады? Орыс ғалымы О.Л. Алексееваның ойынша өнертапқыштың шығармашылығы болып адам өмірінің кез келген саласындағы қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандырумен байланысты техникалық мәселелерді шығармашылық түрде шешу болып табылады.⁸⁷ Қазіргі таңда жасанды интеллект юниттерінің көмегімен көптеген жаңа ғылыми ашулар мен жаңа өнертабыстар жасалып жатыр. Жасанды интеллект юниттері өнертабыстарды жасау барысында тек көмекші құрал ретінде емес, сонымен қатар толығымен дербес түрде жаңа өнертабыс түрлерін жасауға қабілетті болып табылады.

Бүгінгі күні жасанды интеллектпен жасалатын өнертабыстар белгілі бір қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыра алады десе болады. Оған келесі мысалдар дәлел болып табылады. 2005 жылы АҚШ-тың Патент ведомствосымен Джон Козаның генетикалық алгоритмдер негізінде жұмыс істейтін «Өнертабыс машинасы» атты машинасымен жасалған өнертабысқа патент берілді.⁸⁸ Алайда Патент ведомствосы бұл өнертабыстың адаммен жасалмағандығы туралы білмеді. Осы мысалдан жасанды интеллект юниттерімен жасалатын өнертабыстар да адамдармен жасалатын өнертабыстарға қажет критерийлерге сай болатынын көруге болады. Сонымен қатар Стивен Талермен «Шығармашылық машинасы» атты жасанды нейрондық жүйесі жасалып, осы жүйеге патент алу үшін жіберілген өтінім қабылданып, 1997 жылы 17 тамызда мақұлданды.⁸⁹ Стивен

⁸⁵ Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі №427 «Патент заңы» URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000427>. Ақпарат алынған күн: 15.03.2021.

⁸⁶ Сол жерде

⁸⁷ Право интеллектуальной собственности: Учебник / О.Л. Алексеева, А.С. Ворожечин, О.С. Гринь и др.; под общ. ред. Л.А. Новоселовой. М.: Статут, 2019. Т. 4: Патентное право. С. 64-65 // СПС КонсультантПлюс [Глава 5 за авторством Алексеевой О.Л.]

⁸⁸ U.S. Patent No. 6,847,851 (filed July 12, 2005)

⁸⁹ U.S. Patent No. 5,659,666 (filed Oct. 13, 1994).

Талер адам миының жұмыс істеу механизміне еліктей алатын жасанды нейрондық жүйесін алғаш жасаған адам емес. Сонда да оған дейін шығармашылық міндеттерді орындайтын жасанды нейрондық жүйелер жасалмаған. Осы «Шығармашылық машинасына» берілген патенттің мәтінінде бұл өнертабыс адам миындағы шығармашылық қызметке еліктей алатын процестерге қатысты екендігі көрсетілген.⁹⁰ 1998 жылы Стивен Талер «Шығармашылық машинасы» атты жасанды нейрондық жүйесімен жасалған «Нейрондық желілердің негізіндегі прототиптеудің әдісі мен жүйесі» атты өнертабысқа патент алуға өтінім беріп, соның нәтижесінде АҚШ-тың Патент ведомствосымен ол өнертабысқа патент берілген. Алайда патенттің мәтінінде автор ретінде Стивен Талердің өзі көрсетілген.⁹¹

Жоғарыда аталған бұл мысалдар жасанды интеллект юниттерімен де өнертабыстар жасауға болатынын көруге болады.

Бүгінгі күні химия, биология, электротехника салаларында жасанды интеллект юниттерінің көмегімен жасалған өнертабыстарға патент берілген жағдайлар орын алып жатыр. Алайда оларға патентке өтінім берілген кезде автор ретінде адам көрсетілген. Яғни, патентті беретін ведомстволар ол өнертабыстарға патент берген уақытта олардың жасанды интеллект юнитімен жасалғаны туралы хабардар болмаған.⁹²

Жасанды интеллект юниттерінің дамуы барысында интеллектуалдық меншік құқығында туындап жатқан мәселелердің бірі жасанды интеллект юниттерімен жасалған өнертабыстардың патентке қабілеттілігі мен оларға патентті берумен байланысты болып табылады. Жасанды интеллект юниттерімен жасалған өнертабыстарға құқық кімге тиесілі болу керек және де бұндай өнертабыстардың патентке қабілеттілігінің критерийлері қандай болуы қажет?

Жалпы жасанды интеллект юниттерімен жасалған өнертабыстарға құқықтардың кімге тиесілігін анықтау үшін заңнамаға сәйкес өнертапқыштарға қойылатын критерийлерді қарастыру қажет.

Америка құрама штаттарының патенттік құқығына сәйкес өнертабыстың патентке қабілеттігін анықтайтын бес критерий бар. Олар:

⁹⁰ Сол жерде

⁹¹ Ryan Abbott. I Think, Therefore I Invent: Creative Computers and the Future of Patent Law // BCL Review 2016. Т. 57. Р. 1085.

⁹² Hattenbach B., Glucoft J. Patents in an Era of Infinite Monkeys and Artificial Intelligence [Жасанды интеллект дәуіріндегі патент] // Stanford Technology Law Review. – 2015. – Vol. 19. – № 1. – Р. 32–51. – Р. 43. URL: <https://law.stanford.edu/wp-content/uploads/2017/10/patents-in-an-era-of-infinite-monkeysand-artificial-intelligence.pdf>. Ақпарат алынған күн: 15.03.2021.

өнертапқыштық дәрежесі, пайдалы болуы, жаңалығы, айқын еместігі мен жүзеге асырудың шарттары (enablement).⁹³

Шарлотта Уокер-Осборн мен Кристофер Чанның ойынша Америка құрама штаттарының патенттік құқығы бойынша өнертапқыш болып өнертабыстың «негізгі идеясына» (ойына) үлесін қосқан индивид болып табылады. Осыған байланысты компьютер патентке қабілетті өнертабыс жасай алмайды. Сонымен қатар «өнертапқыш» терминін компаниялар мен заңды тұлғаларға қатысты қолдануға болмайды. Себебі АҚШ-тың Жоғарғы соты «негізгі идеяны (ой)» терминін өнертапқыштық әрекеттің негізгі ақыл-ой бөлігін толығымен орындау және өнертапқыштың ойында болашақта тәжірибеде жүзеге асыруға болатын жұмысқа қабілетті өнертабыстың тұрақты және нақты идеясының қалыптасуы деп анықтайды.⁹⁴ Яғни, жоғарыда аталған зерттеушілердің ойынша өнертапқыштық қызмет жасанды интеллект юниттеріне тән емес болып табылады.

Америка құрама штаттары Патент және тауар белгілері ведомствосының «Патент сараптамасының процедурасы бойынша нұсқаулығына» сәйкес (§ 2137.01(II)) жеке тұлғаны өнертабыстың авторы ретінде тану үшін ол өнертабысқа өзінің өнертапқыштық ой үлесін қосу қажет.⁹⁵ Яғни, Америка құрама штаттарының қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес жасанды интеллект юниттерімен дербес түрде жасалған нәтижелерге патент берілуге болмайды.

Біріккен корольдіктерде 1970 жылдардан бастап компьютермен жасалған өнертабыстарға патент беру мәселесі көтеріле бастап, 1977 жылы «Патент туралы» заң қабылданып, оған сәйкес компьютермен жасалған өнертабыстар патенттік құқықпен қорғауға жатпайтын болды. Себебі компьютермен жасалған өнертабыстарды зат деп қарастырады (яғни, компьютердің көмегімен алынған зат).⁹⁶

⁹³ Firth-Butterfield K., Chae Y., Allgrove B., Kitsara I. Artificial Intelligence Collides with Patent Law [Жасанды интеллект пен патенттік құқықтың соқтығысуы]: White Paper / Center for the Fourth Industrial Revolution. – Geneva (Switzerland): World Economic Forum, 2018. – 23 p. – P. 4. URL: http://www3.weforum.org/docs/WEF_48540_WP_End_of_Innovation_Protecting_Patent_Law.pdf. Ақпарат алынған күн: 15.03.2021.

⁹⁴ Walker-Osborn C., Chan C. Artificial Intelligence and the Law [Искусственный интеллект и право] // ITNOW. – 2017, March. – Vol. 59. – № 1. – P. 36–37. – P. 37. <<https://academic.oup.com/itnow/article-abstract/59/1/36/3061291?redirectedFrom=PDF>>. Ақпарат алынған күн: 15.02.2021.

⁹⁵ Manual of Patent Examining Procedure (MPEP) // United States Patent and Trademark Office : [site]. URL: <https://www.uspto.gov/web/offices/pac/mpep/index.html>. Ақпарат алынған күн: 15.02.2021.

⁹⁶ Walker-Osborn C., Chan C. Artificial Intelligence and the Law [Жасанды интеллект және құқық] // ITNOW. – 2017, March. – Vol. 59. – № 1. – P. 36–37. – P. 37. URL:

Қазақстан Республикасының «Патент» заңының 6-бабына сәйкес өнертабысқа қойылатын талаптар келесідей болып табылады: өнеркәсіпте қолдануға жарамды болуы, жаңа болуы, айқын еместігі.⁹⁷ Ал пайдалы модель заңға сәйкес жаңа және өнеркәсіпте қолдануға жарамды болуы қажет. Өнеркәсіптік үлгі ерекшелегі бойынша жаңа және төлтума болуы керек. Сонымен қатар осы заңның 9-бабына сәйкес өнеркәсіптік меншік объектісін шығармашылық еңбегімен жасаған жеке адам оның авторы деп танылады.⁹⁸ Яғни, біздің қолданыстағы заңнамамызға сәйкес өнеркәсіптік меншік объектілеріне патент алу үшін оған адамның шығармашылық еңбегінің үлесі қосылу керек. Ал жасанды интеллект юниттерімен дербес түрде жасалатын өнертабыстарға адамның шығармашылық үлесі қосылмайды.

Ресей Федерациясының Азаматтық кодексіне сәйкес өнеркәсіптік меншік объектілеріне патент алу үшін қажетті критерийлер Қазақстан Республикасының заңнама нормаларымен ұқсас болып табылады.⁹⁹

Қазақстан Республикасының және де шет мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес патенттік құқық объектілерінің авторы ретінде тек адам танылады. Осыған байланысты патенттік құқықта да алдыңғы бөлімшеде қарастырылған авторлық құқықтағы сияқты қазіргі таңдағы заңнама нормаларына сәйкес жасанды интеллект юниттерімен жасалған өнеркәсіптік меншік объектілері интеллектуалдық меншік құқығының объектісі ретінде танылмайды.

А. Модкова мен Х. Вараның пайымдауынша жасанды интеллект қазіргі таңда мемлекеттердің заңнамасына сәйкес өнертабыстың авторы бола алмайды. Алайда олармен жасалатын нәтижелер заңнамаға сәйкес патентке қабілетті болуға қажет критерийлерге сай болуы мүмкін.¹⁰⁰ Бізбен жоғарыда келтірілген мысалдар бұл авторлардың пайымдарының дәлелі ретінде есептеледі десек болады.

Р.Б. Абботтың ойынша қазіргі уақыттағы заңнамаға сәйкес өнертабыстардың авторы ретінде тек жеке тұлғаның есептелуі мен жасанды интеллект юниттерімен жасалып жатқан өнертабыстардың авторын анықтау

<https://academic.oup.com/itnow/article-abstract/59/1/36/3061291?redirectedFrom=PDF>.

Ақпарат алынған күн: 10.03.2021.

⁹⁷ Қазақстан Республикасының «Патент» заңы.// URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000427_ Ақпарат алынған күн: 15.02.2020.

⁹⁸ Сол жерде

⁹⁹ Гражданский кодекс Российской Федерации (часть 4) от 18 декабря 2006 г. № 230-ФЗ (ред. от 18.07.2019) Статьи 1350-1352// СПС КонсультантПлюс

¹⁰⁰ Интеллектуальные права : Сб. работ выпускников РШЧП, посвящ. 90-летию Дозорцева В.А. / Сост. и отв. ред. Павлова Е.А., Ралецкая М.В. - М. : Статут, 2020. С.631.

мәселесі (нақты авторын анықтай алмау) бұндай өнертабыстарға патенттің берілмеуіне алып келуі мүмкін. Осыған байланысты Р.Б. Аббот өнертабыстарға қатысты шығармашылық қызметтің аспектілерін талдап, соның нәтижесінде жасанды интеллект юниттерімен жасалған өнертабыстардың нақты авторын анықтауды ұсынады.¹⁰¹ Бұл автордың ойымен толығымен келісуге болады. Яғни, заңнамаға сәйкес өнертабыстар патентке қабілетті болуы үшін қандай критерийлерге сай болу керектігін анықтап, соның нәтижесінде жасанды интеллектпен жасалған өнеркәсіптік меншік объектілерін сондай критерийлерге сай немесе сай еместігін анықтау керек. Осыдан соң жасанды интеллектпен дербес немесе оның көмегі арқылы жасалған өнертабыстың авторын анықтау керек.

Р.Б. Абботтың ойынша қолданыстағы заңнамаға сәйкес жасанды интеллект юниттерімен жасалған өнертабыстарға олардың авторы ретінде машинаны немесе жеке тұлғаны тани алмаудың себебінен патенттің берілмеуі тиімді шешім болып табылмайды.¹⁰² Расында да, жасанды интеллект юниттерімен жасалған нәтижелерге патенттің берілмеуі осы саладағы ғылыми-техникалық прогрестің дамуын тоқтатуы мүмкін. Ш. Яниски-Равид мен К. Лиу да Р.Б. Абботтың көзқарасын ұстанады. Олардың ойынша қазіргі таңдағы патенттік жүйе ескіріп, жасанды интеллект юниттерімен жасалған өнертабыстар патентке қабілетті болып табылмайды.¹⁰³

Қорытындылай келсек, қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасы мен қарастырған шет мемлекеттерінің қолданыстағы заңнамасына сәйкес жасанды интеллект технологияларының қазіргі таңдағы даму деңгейі ескерілмеген және де соған байланысты ғылыми-техникалық саладағы жасанды интеллект юниттерімен жасалған өнертабыстар патентке қабілетті емес болып табылады. Патенттік құқықтың басты мақсаты жаңа өнімдердің жасалуы мен технологияларды дамытуды қамтамасыз ету болып табылады.¹⁰⁴ Ал бұндай нәтижелердің қорғалмауы патенттік құқықтың негізгі мақсатына сай келмейді десе болады. Осыған байланысты бұндай нәтижелерді де патенттік құқықпен қорғау үшін заңнамаға өзгерістер енгізу қажет. Қазіргі таңда жасанды интеллектпен өнертабыстар, өнеркәсіптік үлгілер мен интегралды микротәсім топологиялары жасалған жағдайлар орын алған. Осыған байланысты осы объектілерді патенттік құқықпен қорғау қажет. Алдыңғы бөлімшеде қарастырылғандай жасанды интеллектпен жасалған өнертабыстардың құқық субъектілерін анықтау

¹⁰¹ Сол жерде

¹⁰² Сол жерде

¹⁰³ Сол жерде

¹⁰⁴ Введение в интеллектуальную собственность : публикация ВОИС № 478 (R). Женева, 2017. С 148.

үшін жүргізілген зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес бұндай нәтижелердің авторы ретінде тек жасанды интеллект юнитінің әзірлеушісі мен оның қолданушысын таныған дұрыс болып табылады. Яғни, жасанды интеллекттің көмегімен жасалған өнертабыстардың авторы ретінде жасанды интеллект қолданушысын тану қажет, ал жасанды интеллектпен дербес түрде жасалған өнертабыстың авторы ретінде (қолданушы жасанды интеллект әзірлеушісімен лицензиялық шартқа сәйкес лицензиат болуын қоспағанда) жасанды интеллект юнитінің әзірлеушісі танылу қажет.

Екінші бөлім бойынша қорытынды

Қорытындылай келсек, Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттерінің интеллектуалдық меншік құқығы саласындағы заңдарын зерттей келе қазіргі таңда жасанды интеллект ешбір мемлекеттің заңнамасына сәйкес туындының авторы бола алмайтынын көруге болады. Қазіргі таңда жасанды интеллектті дербес құқық субъектісі ретінде танудың қажеті жоқ. Қарастырылған шет мемлекеттерінің қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес жасанды интеллектпен жасалған шығармашылық қызмет нәтижелеріне авторлық құқық объектілеріне қажет критерийлер тән екенін көруге болады. Бүгінгі күні жасанды интеллектпен жасалған туындылардың құқық субъектілерін анықтау басты мәселелердің бірі болып табылады. Болашақта интеллектуалдық меншік құқығы саласындағы заңнамаға жасанды интеллектпен жасалатын нәтижелерге қатысты өзгеріс енгізетін жағдайда, жасанды интеллекттің көмегімен және де жасанды интеллектпен дербес түрде жасалған туындыларды жеке дара қарастыру қажет. Жасанды интеллектпен жасалған шығармашылық қызмет нәтижелерінің құқық субъектілерін анықтау үшін жүргізілген зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес бұндай нәтижелердің авторы ретінде тек жасанды интеллект юнитінің әзірлеушісі мен оның қолданушысын таныған дұрыс болып табылады. Яғни, жасанды интеллекттің көмегімен жасалған туындылардың авторы ретінде жасанды интеллект қолданушысын тану қажет, ал жасанды интеллектпен дербес түрде жасалған туындылардың авторы ретінде (қолданушы жасанды интеллект әзірлеушісімен лицензиялық шартқа сәйкес лицензиат болуын қоспағанда) жасанды интеллект юнитінің әзірлеушісі танылу қажет.

Қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасы мен қарастырған шет мемлекеттерінің қолданыстағы заңнамасына сәйкес жасанды интеллект технологияларының қазіргі таңдағы даму деңгейі ескерілмеген және де соған байланысты ғылыми-техникалық саладағы жасанды интеллект юниттерімен жасалған өнертабыстар патентке қабілетті емес болып табылады. Патенттік құқықтың басты мақсаты жаңа өнімдердің жасалуы

мен технологияларды дамытуды қамтамасыз ету болып табылады. Ал бұндай нәтижелердің қорғалмауы патенттік құқықтың негізгі мақсатына сай келмейді десе болады. Осыған байланысты бұндай нәтижелерді де патенттік құқықпен қорғау үшін заңнамаға өзгерістер енгізу қажет. Алдыңғы бөлімшеде қарастырылғандай жасанды интеллектпен жасалған өнертабыстар, өнеркәсіптік үлгілер мен интегралды микротәсім топологияларының құқық субъектілерін анықтау үшін жүргізілген зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес бұндай нәтижелердің авторы ретінде тек жасанды интеллект юнитінің әзірлеушісі мен оның қолданушысын таныған дұрыс болып табылады. Яғни, жасанды интеллекттің көмегімен жасалған өнертабыстар, өнеркәсіптік үлгілер мен интегралды микротәсім топологияларының авторы ретінде жасанды интеллект қолданушысын тану қажет, ал жасанды интеллектпен дербес түрде жасалған өнертабыстар, өнеркәсіптік үлгілер мен интегралды микротәсім топологияларының авторы ретінде (қолданушы жасанды интеллект әзірлеушісімен лицензиялық шартқа сәйкес лицензиат болуын қоспағанда) жасанды интеллект юнитінің әзірлеушісі танылу қажет.

III. ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІНІҢ ДАМУ БОЛАШАҒЫ

3.1. Шет мемлекеттерінің жасанды интеллектті құқықтық реттеу саласындағы заңнамасының даму үрдісі

Жасанды интеллектпен немесе оның көмегі арқылы жасалған шығармашылық қызмет нәтижелерін құқықтық қорғау мақсатында жүргізген зерттеуіміздің барысында, қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттерінің қолданыстағы заңнамасына сәйкес бұндай нәтижелер интеллектуалдық меншік құқығымен қорғауға жатпайтынын көруге болады. Осыған байланысты осы саладағы заңнаманы жетілдіру бойынша халықаралық ұйымдармен өткізіліп жатқан конференциялар мен шет мемлекеттермен қабылданып жатқан стратегиялық құжаттарды қарастырып өтсек.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының заң шығарушы органдары жасанды интеллектпен жасалған шығармашылық қызмет нәтижелерін қорғау бойынша қазіргі таңда әртүрлі ғалымдармен ұсынылып жатқан бағыттардың қайсысын ұстанатыны белгісіз болып табылады. Осы салада қазіргі уақытқа дейін ешқандай заң бастамашылық орын алмады. Қазақстан Республикасында шет мемлекеттеріндей жасанды интеллектті дамытуға қатысты жеке стратегиялық құжаттар да қабылданбаған. Осыған байланысты бұл салаға қатысты шетелдік тәжірибені қарастырып өтсек.

Біз екінші бөлімде жасанды интеллекттердің құқық субъектілігі туралы мәселені қарастырған кезде Еуропалық парламенттің Еуропалық комиссияға жасанды интеллект юниттеріне «электронды тұлға» құқықтық мәртебесін беру туралы ұсынысын қарастырып өттік.

Еуропалық одақта ұсынылып жатқан шараларды толығырақ қарастырып өтейік. Еуропалық одақта роботты техника мен жасанды интеллекттің дамуына қатысты құқықтық мәселелер бойынша жұмыс тобының есебінде қазіргі таңда Еуропалық одақта роботты техника мен жасанды интеллект бойынша интеллектуалдық меншікке байланысты арнайы құқықтық нормалардың жоқтығы мен соның нәтижесінде алдағы уақытта жасанды интеллект юниттерімен жасалатын нәтижелердің қорғалуына байланысты заңнаманы жетілдіру қажет екендігін көруге болады. Бұл құжатта Еуропалық комиссияның «дербес интеллектуалдық қызметтің нәтижесі» критерийін жасанды интеллектпен жасалған туындыларға қатысты жасап шығару туралы ұсынысы бар.¹⁰⁵ Бұл қазіргі

¹⁰⁵ European Parliament Committee on Legal Affairs Report A8-0005/2017 of 27 January 2017 with Recommendations to the Commission on Civil Law Rules on Robotics (2015/2103(INL)).

таңда Еуропалық одақта жасанды интеллектпен жасалған шығармашылық қызмет нәтижелеріне қатысты жалғыз ұсыныс болып табылады. Алайда бұл ұсыныстың тәжірибеде жүзеге асырылуына байланысты ақпарат жоқ. Дегенмен де, жасанды интеллектпен жасалған шығармашылық қызмет нәтижелеріне қатысты құқықтық қатынастарды реттеуге қатысты ұсыныстың пайда болуы бұндай нәтижелердің құқықтық қорғалуы мен оларға қатысты құқықтың кімге тиесілі болуына байланысты қатынастарды реттеуге бағытталған алғашқы қадамдардың бірі десе болады.

2018 жылы 9 наурызда Еуропалық комиссия Ғылым мен жаңа технологиялардағы этика бойынша Еуропалық топтың «Жасанды интеллект, роботты техника мен жасанды жүйелер» атты жасанды интеллектті жасау мен қолданудың моральдік аспектілерімен байланысты тұжырымын жария етті. Сонымен қатар Еуропалық комиссия Еуропалық кеңестің өтініші бойынша 2018 жылдың 25 сәуірінде Еуропалық одақтағы жасанды интеллект технологияларының даму жағдайына байланысты баға берілген және де бұл технологиялармен байланысты қатынастарды реттеуге негізделген бірыңғай негізгі бағыттар анықталған негіздемелік құжатты ұсынған болатын. Бұл құжатта инновациялық қызметтің дамуын қамтамасыз ету мақсатында жасанды интеллект пен интеллектуалдық меншік құқығының арақатынасынан туындап жатқан мәселелерге толық талдау жасау керектігі көрсетілген.¹⁰⁶

Жоғарыда аталған құжаттардың негізінде қазіргі таңда Еуропалық одақта заң шығарушы органдармен жасанды интеллектпен жасалған шығармашылық қызмет нәтижелерін құқықтық қорғауға байланысты нақты бағыттың ізделіп жатқанын көруге болады.

Жапонияда жасанды интеллект юниттері төртінші өнеркәсіптік революциясының қозғаушы факторларының бірі болып табылады. Осыған байланысты жасанды интеллектпен жасалған нәтижелерді қолдану мен қорғауды қамтамасыз ету үшін нақты шешімді табу мәселесі Жапонияның Үкіметі жанындағы Интеллектуалдық меншік саласындағы стратегия бойынша штабтың отырысында тұрақты түрде қарастырылып жатады. Штабтың құрамына Жапонияның Премьер-министрі, шақырылған сараптамашылар мен министрлер кіреді. Сонымен қатар Жапонияның Үкіметімен қазіргі уақыттағы интеллектуалдық меншік жүйелерін қолданумен байланысты мәселелерді қарастыруға арналған арнайы комитет ашылған. Интеллектуалдық меншік саласындағы стратегия

¹⁰⁶ Artificial Intelligence for Europe : Communication from the European Commission of April 25, 2018 : COM(2018) 237 final // European Commission : [site]. URL: <https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/?uri=COM:2018:237:FIN>. Ақпарат алынған күн: 07.02.2021.

бойынша Штабтың отырысында қабылданған Жапонияның интеллектуалдық меншік бойынша стратегиялық бағдарламаларында (2016,2017,2018,2019) интеллектуалдық меншік жүйесін жаңа технологиялық дәуірге бейімдеу үшін интеллектуалдық меншік жүйелерінің дамуымен байланысты мәселелерді талқылау қажеттігі анықталған және де қолданыстағы интеллектуалдық меншікті қорғау жүйесін «жаңа ақпараттық өнімдерге», соның ішінде жасанды интеллектпен дербес түрде жасалып жатқан туындыларға қатысты қолдануды қарастыру бойынша мақсаттар қойылған. Жапонияның интеллектуалдық меншік бойынша стратегиялық бағдарламасында жасанды интеллект юниттерімен жасалатын туындылар жаңа мәдениетті дамыту мен инновациялар жасауға қажетті ерекшеліктерге ие екендігі және соған байланысты Жапония жасанды интеллектпен жасалған шығармашылық қызмет нәтижелерін қамтамасыз етуге қолдау көрсету керек деп көрсетілген.¹⁰⁷ Аталған Жапонияның стратегиялық бағдарламасының өзі интеллектуалдық меншік саласына арналғаны үшін және де бұл бағдарламада жасанды интеллектпен жасалып жатқан шығармашылық қызмет нәтижелерін қорғауға қатысты мәселелердің көрсетілуі - болашақта Жапонияда жасанды интеллектпен жасалған шығармашылық қызмет нәтижелерінің интеллектуалдық меншік құқығымен қорғалу мүмкіндігін тудырып отыр.

Алдыңғы бөлімде қарастырылғандай Біріккен корольдіктерде компьютермен жасалған туындыларды қорғауға қатысты «Авторлық құқық, өнеркәсіптік үлгілер мен патент туралы» заңның арнайы нормалары бар. Алайда Дж. Дикенсон, А. Морган және Б. Кларктың ойынша жасанды интеллект технологияларының дамуына байланысты көптеген құқықтық аспектілер түсініксіз болып барады және де осыған байланысты заңнаманы қайта қарастырып, технологиялардың даму деңгейіне сәйкес өзгерту қажет. Бұл авторлардың айтуынша Біріккен корольдіктердің қазіргі таңдағы авторлық құқық бойынша заңнамасындағы компьютермен жасалған туындыларға қатысты нормаларға сәйкес соттар бұл нормаларды жасанды интеллектпен жасалатын туындыларға да қолдануы мүмкін және де осыған сәйкес бұндай туындыларға құқықты жасанды интеллект әзірлеушілеріне беруі ықтимал болып табылады.¹⁰⁸

¹⁰⁷ Intellectual Property Strategic Program 2016 [Жапонияның интеллектуалдық меншік бойынша стратегиялық бағдарламасы] // <https://www.kantei.go.jp/jp/singi/titeki2/kettei/c_hizaikeikaku20160509_e.pdf>. – 2016. – 79 p. – P. 11. Ақпарат алынған күн:10.02.2021.

¹⁰⁸ Dickenson J., Morgan A., Clark B. Creative Machines: Ownership of Copyright in Content by Artificial Intelligence Applications // European Intellectual Property Review. 2017. Vol. 39, N 8. P. 47

Америка құрама штаттарына тоқталатын болсақ, қазіргі уақытта АҚШ-та бұл салада заңнаманы жетілдіруге қатысты нақты стратегиялық құжаттар жоқ.

Алдыңғы бөлімде көрсетілген сот шешіміне сәйкес (*Naruto v. David Slater* ісі бойынша сот шешімі) қазіргі таңда АҚШ-тың сот тәжірибесіне сәйкес адамның шығармашылығымен жасалған туындылар ғана құқықпен қорғалатынын және де автор ретінде тек адамды танитынын көруге болады.¹⁰⁹ Алайда АҚШ-тың Авторлық құқық туралы заңының § 201(b) тармағына сәйкес егер де туынды «тапсырыспен жасалса» (ағылшынша «work made for hire») ондай туындының авторы ретінде сол тапсырысты берген тұлға танылады.¹¹⁰ Яғни, бұл нормадан көретініміз АҚШ-тың заңнамасына сәйкес туындының авторы ретінде тек сол туындыны шығармашылық қызметімен жасаған тұлға ғана емес, сонымен қатар ол еңбекті жасауға шығармашылық үлесін қоспаған тұлғалар да танылады. Осы заңның §101-не сәйкес туындыны жасаудың екі нұсқасы бар: қызметтік міндеттерді орындау барысында туындыны жасау және де туындыны тапсырыс негізінде жасау болып табылады.¹¹¹ Бұл аталған екі жағдайда да туындының авторы ретінде заңды тұлға бола алады.

К. Христов пен Ш. Яниски-Равид осы аталған норманы жасанды интеллект юниттерімен жасалған туындыларды қорғаумен байланысты мәселелерді шешуге қолдануды ұсынады. Яғни, олар АҚШ-тың Авторлық құқық туралы заңына жасанды интеллект жүйелерін туындылардың авторы ретінде танып, оларға жалдамалы жұмысшы мәртебесін беру бойынша өзгерістер енгізуді ұсынады. Яғни, олар жасанды интеллект юниттеріне шығармашылық жалдамалы жұмысшы мәртебесін беруді ұсынады. Сонымен қатар олар жасанды интеллект юниттерімен дербес түрде жасалған туындыларға айрықша құқықты сол жасанды интеллектті жасаған әзірлеушілерге де беруді ұсынады.¹¹² Алайда бұл бағытпен А. Рамальхо келіспейді. Оның ойынша «тапсырыс бойынша жасалған туындыларға» қатысты қолданылатын норманы жасанды интеллектпен дербес түрде жасалатын туындыларға қатысты қолдануға болмайды. Себебі жасанды интеллект юниттері тапсырыс шарты бойынша туындыны жасайтын тұлғаның да, жұмысшының да сипатына сай келмейді. Бұл тұлғаларда шартқа сәйкес өз міндеттері мен құқықтары болады деп

¹⁰⁹ *Naruto v. David Slater*. // URL: <https://www.thesun.co.uk/news/4445763/monkey-selfie-picture-british-photographer-david-slater-peta-legal-battle-copyright-what-happened/>

¹¹⁰ U.S. Copyright Act of 1976, 17. U.S.C. §§ 101 et seq.

¹¹¹ Сол жерде

¹¹² Hristov K. Artificial Intelligence and the Copyright Dilemma // *IDEA : The IP Law Review*. 2017. Vol. 57, N 3. P. 452.

көрсетеді.¹¹³ Расында да жасанды интеллект юниттерінде құқықтар мен міндеттер болмайды. Сонымен қатар жұмысшы мен тапсырыс шарты бойынша туындыны жасайтын тұлғалар жасаған жұмысы үшін өз ақысын алады да, ал жасанды интеллект юниттері өздерімен дербес түрде жасаған туындылары үшін ешқандай ақы алмайды.

Америка құрама штаттарының Ғылым мен технологиялар бойынша ұлттық кеңесі 2016 жылдың қазан айында Жасанды интеллект саласындағы ғылыми зерттеулер бойынша ұлттық стратегиялық жоспарды қабылдады. Бұл стратегиялық жоспардың бір бағыты жасанды интеллектке байланысты этикалық, әлеуметтік және де құқықтық мәселелерді зерттеу болып табылады. Алайда бұл құжатта интеллектуалдық меншік құқығы тарапынан туындап жатқан мәселелер жайлы мәселелер көрсетілмеген.¹¹⁴

Америка құрама штаттарында жасанды интеллект юниттерімен жасалып жатқан шығармашылық қызмет нәтижелерін қорғау мақсатында қабылданып жатқан шаралардың біріне АҚШ-тың Патенттік бюросымен (United States Patent and Trademark Office) өздерінің сайтында жүргізілген сауалнаманы жатқызса болады. Америка құрама штаттарының Патенттік бюросының сайтында 2020 жылы қаңтар айында жасанды интеллект юниттерімен жасалатын шығармашылық қызмет нәтижелерінің құқықпен қорғалу мәселесіне қатысты 13 сұрақтан тұратын сауалнама жарияланды және де оған әртүрлі саладағы мамандар қатысуға шақырылды. Сауалнама келесідей мәселелерге қатысты болды: жасанды интеллектпен дербес түрде жасалған туындылар АҚШ-тың авторлық құқығымен қорғауға жату керек пе? Егер де бұндай нәтижелер авторлық құқықпен қорғауға жатпаса, онда авторлық құқықпен қорғалу үшін туындыға адамның қандай дәрежедегі шығармашылық үлесі қосылу керек? Егер де жасанды интеллектпен жасалған туындылар авторлық құқықпен қорғауға жатса, онда оның авторы ретінде кім танылу керек?¹¹⁵ Алайда біз бұл сауалнаманың нәтижесін аталған бюроньң сайтынан таба алмадық. Сауалнамадағы сұрақтардың ешқайсысына қазіргі таңда нақты жауап жоқ десе болады. Америка құрама штаттарының Патенттік бюросын жасанды

¹¹³ Сесицкий Е.П. Проблемы правовой охраны результатов, создаваемых системами искусственного интеллекта. // Диссертация на соискание ученой степени к.ю.н// Российская государственная академия интеллектуальной собственности» (РГАИС). — Москва, 2019. С.142.

¹¹⁴ National Artificial Intelligence Research and Development Strategic Plan. 2016. 40 p. URL: https://www.nitrd.gov/PUBS/national_ai_rd_strategic_plan.pdf. Ақпарат алынған күн: 01.12.2020.

¹¹⁵ The USPTO seeks comments on the copyright, trademark, and other intellectual property rights issues that may be impacted by AI.// URL: https://www.govinfo.gov/content/pkg/FR-2019-10-30/pdf/2019-23638.pdf?from=article_link. Ақпарат алынған күн: 20.02.2021.

интеллекпен жасалатын шығармашылық қызмет нәтижелеріне қатысты интеллектуалдық меншік құқығы тұрғысынан туындап жатқан мәселені шешуге қазірден бастап қадам жасап жатқанын көруге болады. Себебі бүгінгі күні жасанды интеллект технологиялары қарқынды түрде дамып жатыр. Осыған байланысты бес жылдың ішінде жасанды интеллектпен жасалатын шығармашылық қызмет нәтижелері санының артатыны күмән тудырмайды.

Дүниежүзілік интеллектуалдық меншік ұйымымен (әрі қарай - ДИМҰ) жасанды интеллект юниттерінің қарқынды түрде дамуына байланысты интеллектуалдық меншік құқығынан туындап жатқан мәселелерді шешу мақсатында ұйымның мүше мемлекеттерінің арасында «Интеллектуалдық меншік пен жасанды интеллекттің арасындағы» мәселелер бойынша пікірталас өткізіліп жатыр. ДИМҰ-ның пікірталасы болып жасанды интеллекттің интеллектуалдық меншік құқығына әсерін талқылау үшін қатысушыларға үлкен ғаламдық алаң орнатуға арналған ашық түрдегі инклюзивті жұмыс процессі болып табылады. Бүгінгі күнге дейін ДИМҰ-мен пікірталастардың үш кезеңі өткізілді (2019 жылы 27 қыркүйекте, 2020 жылы 9 шілдеде, 2020 жылы 4 қарашада).¹¹⁶ Осы жүргізілген пікірталастардың барысында жасанды интеллекттің интеллектуалдық меншік саласындағы саясатқа әсері бойынша тұжырымдамалық құжаттың жобасы қабылданды (2020 жылы 29 мамыр). Бұл құжатта «жасанды интеллект» ұғымының анықтамасына қатысты мәселелер көрсетілген. Сонымен қатар жасанды интеллектпен дербес түде жасалған туындылар авторлық және патенттік құқықпен қорғауға жату керек пе? Егер де бұндай нәтижелер авторлық құқықпен қорғауға жатпаса, онда авторлық құқықпен қорғалу үшін туындыға адамның қандай дәрежедегі шығармашылық үлесі қосылу керек? Егер де жасанды интеллектпен жасалған туындылар авторлық және патенттік құқықпен қорғауға жатса, онда олардың авторы ретінде кім танылу керектігі туралы мәселелер айқындалған.¹¹⁷

Қорытындылай келсек, біз қарастырған шет мемлекеттерінде жасанды интеллектпен жасалатын шығармашылық қызмет нәтижелерін құқықтық қорғауға байланысты қазіргі таңда интеллектуалдық меншік құқығы саласындағы заңнамаларына ешқандай өзгерістер енгізілмеген. Алайда Қазақстан Республикасымен салыстырғанда бұл мемлекеттермен

¹¹⁶ Дискуссия ВОИС по вопросам интеллектуальной собственности и искусственного интеллекта. // URL: https://www.wipo.int/about-ip/ru/artificial_intelligence/conversation.html. Ақпарат алынған күн: 15.02.2021.

¹¹⁷ Проект концептуального документа по вопросу влияния ИИ на политику в области ИС. // URL: https://www.wipo.int/meetings/ru/doc_details.jsp?doc_id=499504. Ақпарат алынған күн: 12.02.2021.

жасанды интеллектпен жасалатын шығармашылық қызмет нәтижелерін құқықтық реттеу мен қорғауға бағытталған нақты іс-шаралар өткізіле бастағанын және де осы салада заңнаманы өзгертуге бағытталған стратегиялық құжаттар қабылданып жатқанын көруге болады. Шет мемлекеттерімен бұндай құжаттардың қабылдануы болашақта жасанды интеллектпен жасалған шығармашылық қызмет нәтижелері интеллектуалдық меншік құқығымен қорғауға жататынын білдіреді десе болады. Алдағы уақытта бұл мемлекеттердің заң шығарушы органдарының алдында тұрған басты мәселелердің бірі жасанды интеллектпен жасалған шығармашылық қызмет нәтижелеріне құқықтың кімге тиесілі болуы болып табылады.

3.2. Жасанды интеллекттің шығармашылық қызмет нәтижелерін құқықтық реттеу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар

Қазіргі таңда түрлі технологиялардың қарқынды түрде дамуына байланысты дүниежүзіндегі көптеген мемлекеттердің сәйкесінше салалардағы құқықтық жүйесі жетіліп үлгермей жатыр десе болады. Олардың бірі ретінде жасанды интеллектпен жасалған шығармашылық қызмет нәтижелерінің құқықтық қорғалуы мен оларға құқықтың кімге тиесілігін анықтау мәселесі болып табылады.

Соңғы жылдары әлемдегі алдыңғы қатардағы компаниялардың көпшілігі жасанды интеллектпен байланысты жобаларға инвестицияларын арттырып жатыр. Олардың қатарына келесілер кіреді: Alphabet, Facebook, Amazon, Microsoft, Intel, Apple (АҚШ), Fujifilm, NEC, Sony және Xerox (Жапония), Samsung (Корея), Siemens пен Philips (Еуропалық одақ). Америка құрама штаттарының Үкіметі 2019 жылы жасанды интеллект технологияларымен байланысты зерттеулерге 5,3 млрд. долларды инвестициялады.¹¹⁸ «TAdviser» аналитикалық орталығымен жасалған есепке сәйкес Ресей Федерациясының жасанды интеллект технологиялар нарығының көлемі 2020 жылы 28 млрд. рубльге жеткен.¹¹⁹

2019 жылы Қазақстан Республикасында Жасанды интеллект саласындағы зерттеулер мен әзірмелерді қолдау қоры мен Назарбаев университеті жанындағы Ақылды жүйелер мен жасанды интеллект

¹¹⁸ National Artificial Intelligence Research and Development Strategic Plan.// URL: https://www.nitrd.gov/PUBS/national_ai_rd_strategic_plan.pdf. Ақпарат алынған күн: 01.02.2021.

¹¹⁹ Аналитический центр «TAdviser» .. URL: <http://www.tadviser.ru/> Ақпарат алынған күн: 02.03.2021.

институты ашылды. Бұл ашылған Қор мен Институттың басты мақсаттары Қазақстан Республикасында жасанды интеллект технологияларын жасауды дамыту болып табылады. Сонымен қатар 2021 жылы ақпан айында Алматы қаласында өткен «Digital Almaty 2021: «Цифрлық қайта жаңғыру: жаңа жағдайға»» форумында алдағы бес жылда жасанды интеллекттің ұлттық кластерін жасауға 1 млрд. доллар инвестициялайтыны айтылды.

Жоғарыда аталған жағдайлардың барлығы болашақта жасанды интеллект юниттерінің санының тек артатынын көрсетеді. Осыған байланысты жасанды интеллект юниттерімен жасалатын түрлі шығармашылық қызмет нәтижелерінің де саны арта түседі. Бұл ерте ме, кеш пе заңнамаға сәйкесінше өзгертулерді енгізуді қажет етеді.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында алдыңғы бөлімде қарастырылған шет мемлекеттеріндей жасанды интеллект технологияларын дамытуға бағытталған және де соның нәтижесінде құқықтық мәселелерді де қарастыруға арналған арнайы стратегиялық құжат жоқ. Қазақстан Республикасының заңнамасында жасанды интеллект ұғымының анықтамасына қатысты да ешқандай норма жоқ. Бүгінгі күні «жасанды интеллект» ұғымы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында қолданылады. Бұл мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың бағыттарының бірі өндіріс, қаржы және медициналық қызмет салаларына жасанды интеллектті енгізу болып табылады.¹²⁰ Сонымен қатар 2021 жылы қаңтар айында Қазақстан Республикасының «Ақпараттандыру туралы» заңына «ұлттық жасанды интеллект платформасы» ұғымы енгізілді. Бұл заңның 1-бабы 54-тармағына сәйкес «ұлттық жасанды интеллект платформасы болып деректер жиынтығын жинауға, өңдеуге, сақтау мен таратуға және жасанды интеллект саласында көрсетілетін қызметтер ұсынуға арналған технологиялық платформа» болып табылады.¹²¹ Алайда бұл заңда «жасанды интеллект» ұғымының анықтамасы берілмеген. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының заңнамасында жасанды интеллектке қатысты тек осы аталған нормалар ғана бар.

Бірінші және екінші бөлімде жасанды интеллект юниттерімен жасалатын шығармашылық қызмет нәтижелерін құқықтық қорғауға қатысты қарастырған мәселелерді ескере отырып, осындай нәтижелерді интеллектуалдық меншік құқығымен қорғауға алу үшін Қазақстан

¹²⁰ Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы//URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>. Ақпарат алынған күн: 20.11.2020.

¹²¹ Қазақстан Республикасының «Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V» Заңы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000418>. Ақпарат алынған күн: 20.11.2020.

Республикасының заңнамасын жетілдіру мақсатында келесідей теориялық тұжырымдар мен тәжірибелік ұсыныстар жасауға болады.

Қолданыстағы интеллектуалдық меншік саласындағы заңнамаға сәйкес жасанды интеллектпен жасалатын шығармашылық қызмет нәтижелерінің құқықтық мәртебесін анықтау мен оларға құқықтың кімге тиесілігіне қатысты туындап жатқан сұрақтарға нақты жауап алу мүмкін емес болып табылады. Себебі қолданыстағы интеллектуалдық қызмет нәтижелерін қорғауға бағытталған нормалар жасанды интеллектпен жасалған шығармашылық қызмет нәтижелерін қорғамайды.

Жасанды интеллект юниттерін әртүрлі ғылыми-техникалық және шығармашылық қызметтерде белсенді түрде қолдану және олармен жасалып жатқан нәтижелердің табиғаты - жасанды интеллект юниттерін жасайтын әзірлеушілер мен қолданушылардың мүдделерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы интеллектуалдық меншік саласындағы заңнамасын жетілдіруді қажет етеді. Ал жасанды интеллектпен жасалатын шығармашылық қызмет нәтижелерін құқықтық қорғау ғылыми-техникалық және экономикалық дамуға ықпал етеді десе болады. Себебі аталған нәтижелерді құқықпен қорғау шығармашылық қызмет нәтижелерін дербес түрде жасай алатын жасанды интеллект технологияларының дамуына ықпал етеді.

Біздің бірінші бөлімде жүргізген зерттеуімізге сәйкес жасанды интеллект юниттерінің шығармашылық қызметке ие екендігі дәлелденді. Осыған байланысты біз жасанды интеллект юниттерімен жасалатын шығармашылық қызмет нәтижелерін интеллектуалдық меншік құқығымен қорғауға жату керектігін анықтадық. Қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасының интеллектуалдық меншік құқығы саласындағы заңнамасына сәйкес жасанды интеллект юниттерімен жасалатын шығармашылық қызмет нәтижелері құқықтық қорғауға жатпайды. Жасанды интеллектпен жасалатын шығармашылық қызмет нәтижелерін интеллектуалдық меншік құқығы тұрғысынан қорғауға алу мақсатында заңнамаға, оның ішінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім), «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» және Патент заңдарына келесідей өзгерістер енгізуді ұсынамыз.

«Жасанды интеллект» ұғымының анықтамасын Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңының 2-бабына 47-тармақшасына және «Патент» заңының 1-бабына 14-тармақшасына келесідей нысанда қосу:

«Жасанды интеллект» дегеніміз белгілі бір функциялар мен белгілі бір міндеттерді орындағанда кемінде үйрену, өздігінен үйрену, міндеттерді шығармашылық тәрізде шешу қабілеттері мен мүмкіндіктеріне ие ішінара немесе толық автономды жасанды жүйе.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 961-бабының 2-тармағына 7-тармақшаны алып тастап, 8-16-тармақшаларды қосу:

8) жасанды интеллекттің көмегі арқылы жасалған ғылым әдебиет және өнер туындылары;

9) жасанды интеллекттің көмегі арқылы жасалған өнертабыстар;

10) жасанды интеллекттің көмегі арқылы жасалған өндірістік үлгілер;

11) жасанды интеллекттің көмегі арқылы жасалған интегралдық микротәсім топологиялары;

12) жасанды интеллектпен дербес түрде жасалған ғылым әдебиет және өнер туындылары;

13) жасанды интеллектпен дербес түрде жасалған өнертабыстар;

14) жасанды интеллектпен дербес түрде жасалған өндірістік үлгілер;

15) жасанды интеллектпен дербес түрде жасалған интегралдық микротәсім топологиялары;

16) осы Кодексте немесе өзге де заң актілерінде көзделген реттерде интеллектуалдық шығармашылық қызметтің басқа да нәтижелері жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 963-бабының 3-тармағына 4 және 5-бөліктерін келесідей нысанда қосу:

Жасанды интеллекттің көмегі арқылы жасалған интеллектуалдық шығармашылық қызметі нәтижелерінің авторы ретінде жасанды интеллекттің көмегі арқылы интеллектуалдық шығармашылық қызмет нәтижесін өз шығармашылық еңбегін қоса отырып жасаған тұлға танылады.

Жасанды интеллектпен дербес түрде жасалған шығармашылық қызмет нәтижелерінің авторы ретінде 1) жасанды интеллекттің әзірлеушісі;

2) егер де жеке немесе заңды тұлға жасанды интеллект әзірлеушісімен осы жасанды интеллектті қолдануға лицензиялық шартқа тұрса, онда осы шартқа сәйкес лицензиат танылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 963-бабына келесідей нысанда 4,5-тармақтарын қосу:

4. Осы кодекстің 961-бабының 2-тармағы 7-10-тармақшаларында көрсетілген жасанды интеллекттің көмегі арқылы жасалған шығармашылық қызмет нәтижелеріне мүлтік құқық жасанды интеллекттің көмегі арқылы интеллектуалдық шығармашылық қызмет нәтижесін өз шығармашылық еңбегін қоса отырып жасаған тұлғаға тиесілі болады.

5. Осы кодекстің 963-бабының 2-тармағы 11-14-тармақшаларында көрсетілген жасанды интеллектпен дербес түрде жасалған шығармашылық қызмет нәтижелеріне мүлтік құқық :

1) жасанды интеллекттің әзірлеушісіне;

2) жасанды интеллект әзірлеушісімен осы жасанды интеллектті қолдануға лицензиялық шартқа тұрған осы шартқа сәйкес лицензиатқа (жеке немесе заңды тұлға) тиесілі болады.

Осы Азаматтық кодекстің 961, 963-баптарына енгізілген өзгертулердің негізінде осы кодекстің 50, 52-бөлімдері мен «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» және «Патент» заңына Қосымша 1-ге сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

Үшінші бөлім бойынша қорытынды

Қорытындылай келсек, біз қарастырған шет мемлекеттерінде жасанды интеллектпен жасалатын шығармашылық қызмет нәтижелерін құқықтық қорғауға байланысты қазіргі таңда интеллектуалдық меншік құқығы саласындағы заңнамаларына ешқандай өзгерістер енгізілмеген. Алайда Қазақстан Республикасымен салыстырғанда бұл мемлекеттермен жасанды интеллектпен жасалатын шығармашылық қызмет нәтижелерін қорғауға бағытталған нақты іс-шаралар өткізіле бастағанын және де осы салада заңнаманы өзгертуге бағытталған стратегиялық құжаттар қабылданып жатқанын көруге болады. Шет мемлекеттерімен бұндай құжаттардың қабылдануы болашақта жасанды интеллектпен жасалған шығармашылық қызмет нәтижелері интеллектуалдық меншік құқығымен қорғауға жататынын білдіреді десе болады. Алдағы уақытта бұл мемлекеттердің заң шығарушы органдарының алдында тұрған басты мәселелердің бірі жасанды интеллектпен жасалған шығармашылық қызмет нәтижелеріне құқықтың кімге тиесілі болуы болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жасанды интеллектпен немесе оның көмегі арқылы жасалған шығармашылық қызмет нәтижелерін құқықтық қорғау мақсатында жүргізілген зерттеуімізге сәйкес шетелдік ғалымдармен жасанды интеллект юниттеріне қатысты құқық тұрғысынан туындап жатқан мәселелерді 1980-жылдардан бастап көтере бастағанын көруге болады.¹²² Яғни, 1980-жылдардан бастап цифрлік технологиялардың дамуына байланысты цифрлік ортада интеллектуалдық құқықтарды қорғау мәселелері зерттеліп келе жатыр.

Соңғы жылдары жасанды интеллект технологияларының қарқынды түрде дамуы және де олармен жасалып жатқан шығармашылық қызмет нәтижелері интеллектуалдық меншік құқығы тұрғысынан жаңа мәселелердің туындауына алып келді. Яғни, жасанды интеллект юниттерімен жасалатын шығармашылық қызмет нәтижелерінің құқықтық мәртебесі қандай? Оларға қатысты құқық кімге тиесілі болу қажет? Жасанды интеллектті жаңа құқық субъектісі ретінде танудың қажеті бар ма? Осы туындаған мәселелерді шешу мақсатында біз алдымен «жасанды интеллект» ұғымының анықтамасына зерттеу жүргіздік. «Жасанды интеллект» ұғымының анықтамасын анықтап алған соң, «шығармашылық қызмет» ұғымына зерттеу жүргіздік. «Шығармашылық қызмет» ұғымына жүргізген зерттеуіміздің нәтижесінде, жасанды интеллектпен жасалатын нәтижелердің шығармашылық қызметтің нәтижесі ретінде танылатындығын анықтадық. Сонымен қатар жасанды интеллектпен жасалатын шығармашылық қызмет нәтижелерінің қолданыстағы авторлық және патенттік құқық тұрғысынан қорғауға қатысты Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттерінде жасанды интеллектпен байланысты интеллектуалдық меншік құқығы тұрғысынан туындап жатқан мәселелерді шешуге бағытталған стратегиялық құжаттарды қарастырып, осы жүргізілген барлық зерттеулеріміздің нәтижесінде Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіруге байланысты ұсыныстарды ұсындық. Жүргізілген зерттеуіміздің нәтижесінде біз келесідей қорытындыларға келдік.

«жасанды интеллекттің» келесідей белгілері болады:

- техникалық құрылғысының болуы (киберфизикалық жүйенің);
- ақпаратты қабылдау және оны беру қабілеттілігі;

¹²² Архипов В.В. [и др.]. Под ред. А.В. Незнамова. Регулирование робототехники: введение в «робоправо». Правовые аспекты развития робототехники и технологий искусственного интеллекта/ 2018 г., 156 с

- адамның қатысуынсыз автономды түрде жұмыс істеу қабілеттілігі;
- зерттелген деректер негізінде ақпаратты талдау, жинақтау мен интеллектуалды шешімдерді жасауға қабілетті;
- өздігінен ақпаратты іздеу мен соның негізінде шешім қабылдау;
- өз тәжірибесі мен қателіктері негізінде үйренуге қабілетті;

«Жасанды интеллект» дегеніміз белгілі бір функциялар мен белгілі бір міндеттерді орындағанда кемінде үйрену, өздігінен үйрену, міндеттерді шығармашылық тәрізде шешу қабілеттері мен мүмкіндіктеріне ие ішінара немесе толық автономды жасанды жүйе.

Шығармашылық қызмет жаңа бір төлтума және бірегей нәрсені жасауға бағытталған процесс болып табылады. Осыған байланысты жасанды интеллект юниттері де адам сияқты шығармашылық қызметке ие болып табылады. Осының нәтижесінде жасанды интеллект юниттерімен жасалған нәрселер шығармашылық қызметтің нәтижесі болып табылады.

Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттерінің интеллектуалдық меншік құқығы саласындағы заңдарын зерттей келе қазіргі таңда жасанды интеллект ешбір мемлекеттің заңнамасына сәйкес туындының авторы бола алмайтынын көруге болады. Қазіргі таңда жасанды интеллектті дербес құқық субъектісі ретінде танудың қажеті жоқ. Қарастырылған шет мемлекеттерінің қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес жасанды интеллектпен жасалған шығармашылық қызмет нәтижелеріне авторлық құқық объектілеріне қажет критерийлер тән екенін көруге болады. Бүгінгі күні жасанды интеллектпен жасалған туындылардың құқық субъектілерін анықтау басты мәселелердің бірі болып табылады. Болашақта интеллектуалдық меншік құқығы саласындағы заңнамаға жасанды интеллектпен жасалатын нәтижелерге қатысты өзгеріс енгізетін жағдайда, жасанды интеллекттің көмегімен және де жасанды интеллектпен дербес түрде жасалған туындыларды жеке дара қарастыру қажет. Жасанды интеллектпен жасалған шығармашылық қызмет нәтижелерінің құқық субъектілерін анықтау үшін жүргізілген зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес бұндай нәтижелердің авторы ретінде тек жасанды интеллект юнитінің әзірлеушісі мен оның қолданушысын таныған дұрыс болып табылады. Яғни, жасанды интеллекттің көмегімен жасалған туындылардың авторы ретінде жасанды интеллект қолданушысын тану қажет, ал жасанды интеллектпен дербес түрде жасалған туындылардың авторы ретінде (қолданушы жасанды интеллект әзірлеушісімен лицензиялық шартқа сәйкес лицензиат болуын қоспағанда) жасанды интеллект юнитінің әзірлеушісі танылу қажет.

Қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасы мен қарастырған шет мемлекеттерінің қолданыстағы заңнамасына сәйкес жасанды интеллект технологияларының қазіргі таңдағы даму деңгейі ескерілмеген және де

соған байланысты ғылыми-техникалық саладағы жасанды интеллект юниттерімен жасалған өнертабыстар патентке қабілетті емес болып табылады. Патенттік құқықтың басты мақсаты жаңа өнімдердің жасалуы мен технологияларды дамытуды қамтамасыз ету болып табылады. Ал бұндай нәтижелердің қорғалмауы патенттік құқықтың негізгі мақсатына сай келмейді десе болады. Осыған байланысты бұндай нәтижелерді де патенттік құқықпен қорғау үшін заңнамаға өзгерістер енгізу қажет. Алдыңғы бөлімшеде қарастырылғандай жасанды интеллектпен жасалған өнертабыстардың құқық субъектілерін анықтау үшін жүргізілген зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес бұндай нәтижелердің авторы ретінде тек жасанды интеллект юнитінің әзірлеушісі мен оның қолданушысын таныған дұрыс болып табылады. Яғни, жасанды интеллекттің көмегімен жасалған өнертабыстардың авторы ретінде жасанды интеллект қолданушысын тану қажет, ал жасанды интеллектпен дербес түрде жасалған өнертабыстың авторы ретінде (қолданушы жасанды интеллект әзірлеушісімен лицензиялық шартқа сәйкес лицензиат болуын қоспағанда) жасанды интеллект юнитінің әзірлеушісі танылу қажет.

Біз қарастырған шет мемлекеттерінде жасанды интеллектпен жасалатын шығармашылық қызмет нәтижелерін құқықтық қорғауға байланысты қазіргі таңда интеллектуалдық меншік құқығы саласындағы заңнамаларына ешқандай өзгерістер енгізілмеген. Алайда Қазақстан Республикасымен салыстырғанда бұл мемлекеттермен жасанды интеллектпен жасалатын шығармашылық қызмет нәтижелерін қорғауға бағытталған нақты іс-шаралар өткізіле бастағанын және де осы салада заңнаманы өзгертуге бағытталған стратегиялық құжаттар қабылданып жатқанын көруге болады. Шет мемлекеттерімен бұндай құжаттардың қабылдануы болашақта жасанды интеллектпен жасалған шығармашылық қызмет нәтижелері интеллектуалдық меншік құқығымен қорғауға жататынын білдіреді десе де болады.

Біздің диссертация тақырыбына сәйкес жүргізген зерттеуімізді қорытындылай келе қазіргі таңда Қазақстан Республикасында жасанды интеллектпен жасалатын шығармашылық қызмет нәтижелеріне қатысты тәжірибе жүзінде мәселелердің туындамауына байланысты біздің үшінші бөлімде көрсетілген интеллектуалдық меншік саласындағы заңнамаға ұсынып отырған ұсыныстарымыз дәл қазіргі таңда қатты қажеттілікті тудырмауы мүмкін. Алайда, біздің ойымызша, біз мәселелер тәжірибеде туындамай жатып, оларды құқық тұрғысынан алдын ала шешіп қойған дұрыс болып табылады. Себебі интеллектуалдық меншік құқығы саласындағы заңнаманы жетілдіру барысында тек қазіргі таңдағы ғылыми-техникалық жетістіктерді ғана ескермей, сонымен қатар әртүрлі технологиялардың даму болашағы да ескерілуі қажет.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

А) Кітаптар:

- Архипов В.В. [и др.]. Под ред. А.В. Незнамова. Регулирование робототехники: введение в «робоправо». Правовые аспекты развития робототехники и технологий искусственного интеллекта/ 2018 г., 232 с.

- Незнамов А.В., Волинец А.Д. Новые законы робототехники. Регуляторный ландшафт. Мировой опыт регулирования робототехники.// 2018г., 245 с.

- Интеллектуальные права : Сб. работ выпускников РШЧП, посвящ. 90-летию Дозорцева В.А. / Сост. и отв. ред. Павлова Е.А., Ралецкая М.В. - М. : Статут, 2020., 762 с.

- Дозорцев В.А. Интеллектуальные права: Понятие. Система. Задачи кодификации. М.: Статут, 2005., 245 с.

- Бентли Л., Шерман Б., Ганджи Д., Джонсон Ф.. Интеллектуалдық меншік құқығы: I том.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2020.- 512 б.

- Елеусізова И.. Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік меншік объектілерін құқықтық қорғау мәселелері : оқу құралы / рец. Т. Е. Каудыров. - Астана : Фолиант, 2013. - 224 б.

- Баймолдина З. Х., Каудыров Т.Е.Право интеллектуальной собственности Республики Казахстан : учеб. пособие /

- Масимов К. Следующий властелин мира. Искусственный интеллект // НА, 2019. – 347 с.

- Рассел С. Совместимость. Как контролировать искусственный интеллект / Стюарт Рассел ; Пер. с англ. [Натальи Колпаковой] — М.: Альпина нон-фикшн, 2021. - 438 с.

Ә) Мақалалар:

- Dickenson J., Morgan A. CreativeMachines: Ownership of Copyright in Content Created by Artificial Intelligence Applications. // European Intellectual Property Review.- 2017, Volume 39, Issue 8., 457-4567 P.

- Bonadio E., McDonagh L., Arvidson C. Intellectual property aspects of robotics. // European journal of risk regulation // 4/2018., 655-675 P.

- Timothy Pinto. Robo ART! - "originality" under pressure// IT Law Today. IT L.T. 2019, Apr, 7-8.

- Войниканис Е. А., Семенова Е. В., Тюляев Г. С. // Искусственный интеллект и право: вызовы и возможности самообучающихся алгоритмов// Вестник ВГУ. Серия: Право, 2018. №4. С. 137-148.

- Артеий Л.С., Искусственный интеллект в авторском праве// Вестник науки и образования. 2019. №7-1(61). С. 76-81.

- Саргсян Л.А. Проблема распространения авторских прав на работы, сгенерированные искусственным интеллектом// Вестник Российско-

Армянского (Славянского) университета: гуманитарные и общественные науки. 2018. №1(28). С. 59-68.

- Старикова Е.В. Творческий труд искусственного интеллекта при создании объектов авторского права// В сборнике: Право и современная экономика: новые вызовы и перспективы Сборник материалов II научно-практической конференции с международным участием юридического факультета СПбГЭУ. Под научной редакцией Н.А. Крайновой. 2019. С. 540-544.

- Жантикин Т.М. Автономные системы оружия летального действия: типология, риски, проблемы правового регулирования // Право и государство 2019. № 2 (83). С. 114-123.

- Түрғанбаев А.О. Правовые аспекты задействования технологий искусственного интеллекта и других новейших технологий в стратегическом планировании в государственном управлении // Право и государство 2019. № 1 (82). С. 27-39.

- Вашкевич А. Юридические электронные лица // <<https://www.vedomosti.ru/opinion/articles/2016/05/23/641943-yuridicheskie-elektronnie-litsa>>. Акпарат алынган күн: 22.12.2019.

- Морхат П.М.. Роль авторства в рамках законодательства о праве интеллектуальной собственности// Право и государство: теория и практика. 2018. №4(160). С. 25-29.

- Гринь С.Н. Эмансипация роботов: элементы правосубъектности в конструкции искусственного интеллекта // Бизнес. Общество. Власть. – 2018. – № 1. – С. 233–242.

- Архипов В.В., Наумов В.Б. О некоторых вопросах теоретических оснований развития законодательства о робототехнике: аспекты воли и правосубъектности // Закон. – 2017. – № 5. – С. 157–170. 5

- Морхат П.М.. Особенности развития права интеллектуальной собственности в контексте использования искусственного интеллекта// Право будущего: Интеллектуальная собственность, Инновации, Интернет Ежегодник. Сер. "Правоведение" Ответственный редактор Е.Г. Афанасьева. Москва, 2018. С. 65-69.

- Косьяненко Е.М.. Перспективы правового регулирования искусственного интеллекта. Интеллектуально-правовой аспект// Технологии XXI века в юриспруденции Материалы Всероссийской научно-практической конференции. Под редакцией Д.В. Бахтеева. 2019. С. 85-89.

- Брумштейн Ю., Ильменский М., Колесников И. Робототехнические системы: вопросы использования // Интеллектуальная собственность. Авторское право и смежные права. – 2016. – № 9. – С. 49–64.

- Морхат П.М. Искусственный интеллект как автор произведения: могут ли роботы творить?// Власть Закона. 2019. №1(37). С. 82-95.

- Гаджиев Г.А. Является ли робот-агент лицом? (Поиск правовых форм для регулирования цифровой экономики) // Журнал российского права. – 2018. – № 1. – С. 15–30.

- Ясницкий Л.Н. Введение в искусственный интеллект: Учеб. пособие. 2-е изд., испр. – М.: Академия, 2008. – 176 с.

- Камышанский В.П., Корецкий А.В. Понятие и правовой статус носителя искусственного интеллекта// Власть Закона. 2019. №1(37). С. 42-50.

- Мартянова Е.Ю. К вопросу об определении субъекта авторства в отношении произведений, созданных искусственным интеллектом // Пермский юридический альманах. 2019. №2. С. 241-256.

- Морхат П.М. Совершенствование российского законодательства в части регулирования правового положения юнитов искусственного интеллекта в сфере права интеллектуальной собственности// Бизнес. Образование. Право. 2018. №4(45). С. 326-329.

- Кайснер Э., Раффо Д., Вунш-Винсент С. Робототехника: прорывные технологии, инновации, интеллектуальная собственность// Форсайт. 2016. Т. 10. №2. С. 7-27.

- Смолин Д.В. Введение в искусственный интеллект: Конспект лекций. – М.: Физматлит, 2004. – 208 с.

- Гурко А. Искусственный интеллект и авторское право: взгляд в будущее // Интеллектуальная собственность. Авторское право и смежные права. – 2017. – № 12. – С. 7–18. – С. 17–18.

- Морхат П.М. Право на результаты интеллектуальной деятельности, произведенные юнитом искусственного интеллекта: гражданско-правовые проблемы // Право и государство. 2018. №1-2(78-79). С. 204-215.

- Морхат П.М. К вопросу о правовой дефиниции термина «искусственный интеллект» // Вестник Московского городского педагогического университета. Серия: Юридические науки. 2018. №2(30). С. 74-80.

- Карцхия А.А. Искусственный интеллект: «ларец Пандоры» или новая надежда? // Интеллектуальная собственность. Авторское право и смежные права. – 2017. – № 4. – С. 23–30. – С. 27.

- Tatiana Zaplatina. The legal issues of the artificial intelligence, intellectual property rights and data protection// Kutafin University Law Review, Volume 6 ,Issue 1, 2019, 44-67 P.

- Лаптев В.А. Понятие искусственного интеллекта и юридическая ответственность за его работу // Право. Журнал Высшей школы экономики. № 2. 2019. С.79–102.

- Гаврилова Т.А., Хорошевский В.Ф. Базы знаний интеллектуальных систем. – СПб.: Питер, 2001. – 384 с.

- Ming Chen. Beijing Internet Court denies copyright to works created solely by artificial intelligence Journal of Intellectual Property Law & Practice J.I.P.L.P. 2019, 14(8), 593-594 P.

- Toby Bond and Sarah Blair. Artificial intelligence and copyright: section 9(3) or authorship without an author. Journal of Intellectual Property Law & Practice. J.I.P.L.P. 2019, 14(6), 423-428 P.

- Guadamuz A. Do Androids Dream of Electric Copyright? Comparative analysis of originality in artificial intelligence generated works. // Intellectual Property Quarterly. – 2017. – Vol. 2., 46 P.

- Ginsburg J.C. People Not Machines: Authorship and What It Means in the Berne // ИС; international review of industrial property and copyright law. – 2018. – № 2 (49). – P. 131–135.

- Guadamuz A. Artificial intelligence and copyright // The WIPO Magazine. – 2017, October. URL: http://www.wipo.int/wipo_magazine/en/2017/05/article_0003.html.

- Hristov K. Artificial intelligence and the copyright dilemma // IDEA – The Journal of the Franklin Pierce Center for Intellectual Property. – 2017. – Vol. 57. – № 3. – P. 431–454.

Б) Диссертациялар мен монографиялар:

- Морхат П.М. Право интеллектуальной собственности и искусственный интеллект: монография // М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2018. – 121 с.

- Морхат П.М. Правосубъектность искусственного интеллекта в сфере права интеллектуальной собственности: гражданско-правовые проблемы. // Диссертация на соискание ученой степени д.ю.н. // ДС Д401.001.02 при РГАИС. – 2019. – 420 с.

- Сесицкий Е.П. Проблемы правовой охраны результатов, создаваемых системами искусственного интеллекта. // Диссертация на соискание ученой степени к.ю.н// Российская государственная академия интеллектуальной собственности» (РГАИС). — Москва, 2019., - 218 с.

В) Нормативтік құқықтық актілер тізімі:

- Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (жалпы және ерекше бөлім): http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_. Ақпарат алынған күн: 21.11.2019.

- Қазақстан Республикасының авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңы: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z960000006_. Ақпарат алынған күн: 21.11.2019.

- Қазақстан Республикасының патент заңы: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51013991#pos=0;0. Ақпарат алынған күн: 21.11.2019.

- Гражданский кодекс Российской Федерации: <https://www.zakonrf.info/gk/> Ақпарат алынған күн: 20.12.2019.

- Закон РФ об авторском праве и смежных правах: http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_2238/. Ақпарат алынған күн: 20.12.2019.

- Патентный закон РФ: http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_979/. Ақпарат алынған күн: 20.01.2020.

- Указ Президента РФ о развитии искусственного интеллекта в РФ: http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_335184/. Ақпарат алынған күн: 20.01.2020.

- Бернская конвенция об охране литературных и художественных произведений: http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z980000297_. Ақпарат алынған күн: 22.01.2020.

- Парижская конвенция по охране промышленной собственности: http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_5111/. Ақпарат алынған күн: 22.01.2020.

- Біріккен корольдіктердің 1988 жылғы «Авторлық құқық, дизайн және патенттер туралы» заңы [Copyright, Designs and Patents Act 1988] : <https://www.legislation.gov.uk/ukpga/1988/48/contents>. Ақпарат алынған күн: 25.01.2020.

- Біріккен корольдіктердің 1977 жылғы «Патенттер туралы» заңы [Patents Act 1977] : <https://www.legislation.gov.uk/ukpga/1977/37>. Ақпарат алынған күн: 29.01.2020.

- Қытай Халықтық Республикасының «Авторлық құқық туралы» заңы // URL: http://www.npc.gov.cn/npc/xinwen/2010_02/26/content_1544852.htm. Аударылған нұсқасы: http://chinalawinfo.ru/civil_law/law_copyright . Ақпарат алынған күн: 20.01.2020.

- Қытай Халықтық Республикасының Мемлекеттік Кеңесінің 20.07.2017 жылғы «Жасанды интеллектті дамыту жоспарының жаңа буыны» // http://www.gov.cn/zhengce/content/201707/20/content_5211996.htm. Ақпарат алынған күн: 20.02.2020.

- H.R.4625 – Future of Artificial Intelligence Act of 2017, 115th Congress (2017–2018). Sponsor: Rep. Delaney, John K. [D-MD-6] (Introduced 12.12.2017). Committees: House – Energy and Commerce; Science, Space, and Technology; Education and the Workforce; Foreign Affairs; Judiciary; Oversight and Government Reform // <https://www.congress.gov/bill/115thcongress/house-bill/4625/text>. Ақпарат алынған күн: 25.02.2020.

- Final Report of the National Commission on New Technology Uses of Copyrighted Works of 1978 // [>](http://digital-lawonline.info/CONTU/); <http://digital-law-online.info/CONTU/contu17.html>. Ақпарат алынған күн: 26.02.2020.

- Жапонияның 1965 жылғы № 48 «Авторлық құқық туралы» заңы // http://elaws.egov.go.jp/search/elawsSearch/elaws_search/lsg0500/detail?lawId=345AC0000000048&openerCode=1 . Ақпарат алынған күн: 20.03.2020.

- Жапонияның 1951 жылғы № 121 «Патенттік құқық туралы» заңы // http://elaws.egov.go.jp/search/elawsSearch/elaws_search/lsg0500/detail?lawId=334AC0000000121 . Ақпарат алынған күн: 21.03.2020.

- Intellectual Property Strategic Program 2016 [Жапонияның 2016 жылғы интеллектуалдық меншік саласындағы стратегиялық бағдарламасы] // https://www.kantei.go.jp/jp/singi/titeki2/kettei/chizaikeikaku20160509_e.pdf . Ақпарат алынған күн: 23.04.2020.

Г) Сот шешімдері:

- Naruto v. Slater / Opinion of the United States Court of Appeals for the Ninth Circuit № 16-15469 of 2018 // URL: <https://law.justia.com/cases/federal/appellate-courts/ca9/16-15469/16-154692018-04-23.html>. Ақпарат алынған күн: 20.01.2021.

- Naruto v. David John Slater et al / Decision of the United States District Court of Northern District of California of 2016 // URL: <https://law.justia.com/cases/federal/districtcourts/california/candce/3:2015cv04324/291324/45/>. Ақпарат алынған күн: 20.01.2021.

- IceTV Pty Limited v Nine Network Australia Pty Limited. URL: eresources.hcourt.gov.au/showCase/2009/HCA/14; Решение Федерального суда Австралии от 2 марта 2012 по делу «Acohs Pty Ltd v Ucorp Pty Ltd 1» // URL: <http://www8.austlii.edu.au/cgi-bin/viewdoc/au/cases/cth/FCAFC/2012/16.html> Ақпарат алынған күн: 20.01.2021.

Д) Интернет-ресурстар:

- Компьютер написал новую картину Рембрандта через 347 лет после смерти художника // URL: <https://habr.com/ru/post/392651/> Ақпарат алынған күн: 20.11.2019.

- Роман, написанный искусственным интеллектом, вышел в финал литературного конкурса // URL: <https://habr.com/ru/post/392225/> Ақпарат алынған күн: 22.11.2019.

- Искусственный интеллект расшифровал начало таинственного манускрипта Войнича // URL: <https://www.kp.kz/daily/26787.5/3821657/> Ақпарат алынған күн: 22.11.2019.

- В Китае узаконили судебные приговоры, выносимые искусственным интеллектом // URL: <http://chelovek-online.ru/zakon/news/v-kitae-uzakonili-sudebnye-prigovory-vynosimye-iskusstvennym-intellektom/> Ақпарат алынған күн: 22.11.2019.

- В судах Казахстана внедряют искусственный интеллект // URL: https://forbes.kz/process/technologies/v_kazahstane_vnedryayut_servis_prognoz_irovaniya_sudebnyih_aktov_budet_li_on_vliyat_na_sudyu_pri_prinyatii_resheni_ua. Ақпарат алынған күн: 22.11.2019.

- Kamener L. Courting change: the verdict on AI and the courts / The Centre for Public Impact // URL: <https://www.centreforpublicimpact.org/courting-change-verdict-ai-courts/>. Ақпарат алынған күн: 20.12.2019.

- Красилова Е. «Они» уже на подходе. В Европе могут появиться «электронные лица» // URL: <https://ria.ru/accents/20160626/1451097825.html>. Ақпарат алынған күн: 22.12.2019.

- Откуда взялся термин «искусственный интеллект» // URL: <https://zen.yandex.ru/media/aiqcnt/otkuda-vzialsia-termin-iskusstvennyi-intellekt-5be403452bcd7400aa4577d6>. Ақпарат алынған күн: 02.12.2019.

- Человекоподобная девушка-робот получила гражданство Саудовской Аравии // URL: <https://www.kp.kz/daily/26749/3779118/>. Ақпарат алынған күн: 01.12.2019.

- Как искусственный интеллект меняет юридическую профессию и чем это грозит юристам // URL: https://forbes.kz/process/technologies/kak_iskusstvennyi_intellekt_menyaet_yu_ridicheskuyu_professiyu_i_chem_eto_grozit_yuristam. Ақпарат алынған күн: 05.12.2019.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢЫ

**Қазақстан Республикасының
кейбір заңнамалық актілеріне жасанды интеллектпен немесе оның
көмегі арқылы жасалған шығармашылық қызмет нәтижелерін
құқықтық реттеу мен қорғау
мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар
енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім):

1) 961-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

3. Авторлық құқық объектілеріне, сондай-ақ:

1) туынды шығармалар (аудармалар, өңдеулер, аннотациялар, рефераттар, түйіндеулер, шолулар, инсценировкалар, музыкалық аранжировкалар және ғылым, әдебиет пен өнер туындыларының басқа да қайта өңделімдері);

2) жинақтар (энциклопедиялар, антологиялар, деректер базалары) және басқа да іріктелу және (немесе) материалдардың орналасуы бойынша шығармашылық еңбек нәтижесі болып саналатын құрастырылған туындылар жатады.

3) жасанды интеллекттің көмегі арқылы жасалған ғылым, әдебиет және өнер туындылары;

4) жасанды интеллектпен дербес түрде жасалған ғылым, әдебиет және өнер туындылары;

Туынды және құрастырылған шығармалар оларға негіз болған немесе олар қамтыған шығармалардың авторлық құқық объектілері болу-болмауына қарамастан авторлық құқықпен қорғалады.

4) 991-бапқа 7-тармақ мынадай редакцияда қосылсын:

7. Жасанды интеллектпен дербес түрде немесе оның көмегі арқылы жасалған өнертабыс пен өнеркәсіптік үлгіге осы баптың 1-6-тармақтарына сәйкес құқықтық қорғау талаптары қолданылады.

5) 992-бапқа 4-тармақ мынадай редакцияда қосылсын:

4. Осы баптың 1-3-тармақтарындағы нормалар жасанды интеллектпен дербес түрде немесе оның көмегі арқылы жасалған өнертабыс пен өндірістік үлгіге қолданылады.

6) 994-бапқа 5-тармақ мынадай редакцияда қосылсын:

5. Осы баптың 1-4-тармақтарындағы нормалар жасанды интеллектпен дербес түрде немесе оның көмегі арқылы жасалған өнертабыс пен өндірістік үлгіге қолданылады.

7) 998-бапқа 4-тармақ мынадай редакцияда қосылсын:

4. Осы баптың 1-3-тармақтарындағы нормалар жасанды интеллектпен дербес түрде немесе оның көмегі арқылы жасалған өнертабыс пен өндірістік үлгіге қолданылады.

8) 999-бапқа 6-тармақ мынадай редакцияда қосылсын:

6. Осы баптың 1-тармағының 1-тармақшасы мен 2-5-тармақтарының нормаларын жасанды интеллектпен дербес немесе оның көмегі арқылы жасалған өнертабысқа қатысты патентке және осы баптың 1-тармағының 3-тармақшасы мен 2-5-тармақтарының нормаларын жасанды интеллектпен дербес немесе оның көмегі арқылы жасалған өнеркәсіптік үлгіге қатысты патентке қолданылады.

8) 1000-бап мынадай редакцияда жазылсын:

Өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге айрықша құқық беру туралы шарт жазбаша нысанда жасалады.

Айрықша құқық беру уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен тіркелуге жатады.

Жазбаша нысанның және (немесе) тіркеу туралы талаптың сақталмауы шарттың маңызсыздығына алып келеді.

Тіркеудің күшін жою "Қазақстан Республикасының Патент Заңы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Осы баптың нормалары жасанды интеллектпен дербес немесе оның көмегі арқылы жасалған өнертабыс пен өнеркәсіптік үлгіге қолданылады.

9) 1001-бапқа 3-тармақ мынадай редакцияда қосылсын:

Осы баптың нормалары жасанды интеллектпен дербес немесе оның көмегі арқылы жасалған өнертабыс пен өнеркәсіптік үлгіні пайдалануға құқықты табыстауға қолданылады.

